



Теңізшевройл


Корпоративтік
жауапкершілік жөніндегі

2015-2016

жылдарға арналған есебі



Мазмұны

- 
- 2 Кіріспе
 - 4 Теңізшевройл: қысқаша анықтама
 - 12 Теңізшевройл және қоршаған орта
 - 24 Қазақстан экономикасына үлес
 - 28 Қызметкерлерді шыңдау және басшылық ету
 - 38 Жергілікті қауымдастыққа инвестиция салу

Есеп беру туралы

Қолыңыздағы есеп 2015–2016 жылдар аралығын қамти отырып, екі жылда бір рет шығарылып отыратын бесінші есебіміз болып табылады. Біздің алғашқы есебіміз 2008 жылы жарияланды. Сондай-ақ, сіздер корпоративтік жауапкершілік туралы жаңартылған және толық қанды ақпаратты www.tengizchevroil.kz сайтының тиісті бөлімінен таба аласыздар.

«Корпоративтік жауапкершілік» дегеніміз не?

Корпоративтік жауапкершілік туралы ұғымды үкімет, бизнес құрылымдары, үкіметтік емес ұйымдар және қауымдастықтар әрқайсысы өздерінше айқындайды. Корпоративтік жауапкершілік тұжырымдамасының «корпоративтік азаматтық», «тұрақты даму», «бизнес жауапкершілігі», «әлеуметтік жауапкершілік» секілді қанша анықтамалары болса, соншалықты атауға да ие – бәрінің негізінде бизнесті жүргізу құқығы үшін

қажетті әлеуметтік, экономикалық және экологиялық аспектілерін есепке алу секілді үш бірлікті қағида бар.

Бұл есептің мақсаты – «Теңізшевройл» қызметі туралы ақпаратты мүдделі тараптармен бөлісу және ТШО-да корпоративтік жауапкершілікті қалай түсінетіндігімізді және бұл бағытта тиімділікті арттыру мақсатында қандай нақты қадамдар жасап отырғандығымыз жөнінде баяндау. ТШО корпоративтік жауапкершілік саласындағы шаралар туралы өзінің веб-сайтында хабарлап тұратын болады. Аталған тақырып бойынша ұсыныс-пікірлеріңіз болса, ризашылық танытамыз.

Соңғы жаңалықтарды www.tengizchevroil.kz сайтынан таба аласыздар.

Басшылықтың жолдауы



Қымбатты оқырмандар!

ТШО үшін корпоративтік жауапкершілік – бұл тек қоғам мен қызметкерлердің дамуына қосылған үлес емес, корпоративтік жауапкершілік біздің өз арамыздағы және серіктестерімізбен қарым-қатынасымызды анықтайтын этикалық құндылықтар мен қағидаларды қамтиды. Корпоративтік жауапкершілік – бұл біздің қызметіміздің экологиялық көрсеткіштері және Қазақстан экономикасына қосып отырған қомақты үлесіміз. Корпоративтік жауапкершілік біздің қызметкерлерімізбен, үкіметпен және жергілікті жұртшылықпен қарым-қатынас құру ережелерін қамтиды.

Корпоративтік жауапкершілік біздің қызметіміздің және Қазақстан алдындағы міндеттемелеріміздің басты негізі болып табылады. Осы есеп аталған міндеттемелеріміздің компания қызметінің барлық бағыттарына ықпал ету нәтижелерін көрсетеді. ТШО корпоративтік жауапкершілікті ұдайы жақсарту бағытында айтарлықтай жұмыстар атқарды және осы жетістіктерді сіздермен қуана бөлісуде.

Компанияның миссиясы, стратегиялық міндеттері мен негізгі құндылықтары корпоративтік жауапкершілікті басқарудағы ТШО жетістіктерінің іргетасы болып табылады. Негізгі құндылықтар «ТШО-ның сара жолы» құжатында, сондай-ақ, стратегиялық нұсқауларда баяндалған.

ТШО-да корпоративтік жауапкершілік саласындағы табысымызды төмендегі бағыттар бойынша өлшейміз:

- Корпоративтік жауапкершілік және басқару;
- Қауіпсіздік техникасы, денсаулық және қоршаған ортаны қорғау саласындағы жоғары өндірістік нәтижелер;
- Қызметкерлерді шыңдаудың стратегиялық бағдарламасы;
- Жергілікті қауымдастыққа және жұртшылықпен байланысқа бөлінетін инвестициялар.

Сіздердің назарларыңызға ұсынылып отырған есептен корпоративтік жауапкершілікті барлық бағытта үздіксіз жетілдірудің нәтижелерін көре аласыздар. Біз ТШО-да аталған саланың таңдаулы компанияларындағы әлемдік стандарттар деңгейінде басқару моделін жақсартуды жалғастырып келеміз. Компания қоршаған ортаға келтіретін ықпалды біршама азайтуға қол жеткізді. Біз өндірісті оңтайландыру саласына және қызметкерлерімізді шыңдау мен даярлау бағдарламасына қаражат бөлу арқылы өндірісті жетілдірік. ТШО – біздің бас кеңсеміздің орналасқан және көптеген қызметкерлеріміз бен олардың жанұялары тұратын және жұмыс істейтін жері – Атырау облысындағы жауапты және жетекші инвестор болып саналады. Бұған қосымша, компания Атырау облысы әкімдігімен өңір тұрғындарының әлеуметтік-экономикалық жағдайын жақсартуға бағытталған бірлескен жұмысты жоғары бағалайды.

Біз соңғы 24 жылдағы айтулы жетістігімізді мақтан тұтамыз және Қазақстан Республикасы мен халқының игілігі үшін еңбек ете отырып, корпоративтік жауапкершілік саласындағы қазақстандық кәсіпорындардың алдыңғы қатарынан көрінуге бар күш-жігерімізді сала бермекпіз. Осы есеп «Теңізшевройл» ЖШС мен Қазақстан Республикасы арасындағы корпоративтік жауапкершілік жөніндегі біздің диалогымыздың жалғасы болып табылады.

Біз корпоративтік сайтқа жаңартылған есептерді салу, ең бастысы, алдағы жылдарда тиісті шараларды орындау арқылы бұл диалогты жалғастыруды жоспарлап отырмыз.

Ізгі тілекпен, **Тед Этчисон** бас директор

Мұрат Мұқашев бас директордың орынбасары

Теңізшевройл: қысқаша анықтама

Тарих

Батыс Қазақстанда орналасқан Теңіз мұнай кенорны 1979 жылы ашылды.



1993 жылдың сәуірінде бастапқы құрылтайшылары Қазақстан Республикасының үкіметі мен «Шеврон» корпорациясы болған «Теңізшевройл» біріккен кәсіпорны құрылды.

Қазіргі таңда ТШО-ның сәйкес үлесті серіктестері «Шеврон» (50%), «ҚазМұнайГаз ҰК» АҚ (20%), «ЭксонМобил Қазақстан Венчурс Инк.» (25%) және «ЛукАрко» (5%) компаниялары болып табылады.

ТШО-ның серіктестері:

50%

Шеврон

25%

ЭксонМобил
Қазақстан
Венчурс Инк

20%

ҚазМұнайГаз ҰК

5%

ЛукАрко

Кен орны туралы

2 500 шаршы шақырымнан тұратын лицензиялық аумаққа Теңіз мұнай кеніші мен одан кішілеу болса да, қоры мол Королев кеніші кіреді.

Жалпы Теңіз мен Королев кен орындарындағы мұнайдың игерілетін қоры 750 миллионнан 1,1 миллиард тоннаға (6–9 миллиард баррель) дейінгі шамада бағаланған.

Теңіз кеніші коллекторындағы жалпы бағаланған қор 3 миллиард тоннаны (26 миллиард баррель) құрайды. Әлемдік деңгейдегі кеніштер қатарына жататын Королев кенішінің қоры 180 миллион тонна (1,5 миллиард баррель) шамасында.

Теңіз кен орны – әлемдегі ең терең алып кен орны болып саналады, оның жоғарғы мұнайлы қабаты шамамен 4 000 метр тереңдікте жатыр.

Коллектордың ені 19 шақырым, ал, ұзындығы 21 шақырымға созылған, мұнайлы қабатының биіктігі 1,6 шақырым шамасында.

Теңіз кен орны аумағының үлкендігі соншалық, оны толық айналып шығу үшін екі марафондық қашықтық қажет.

2 500

шаршы шақырым

3 180 000 000 тонна

резервуарлардағы есептік қорлар





ТШО-ның сара жолы

«ТШО-ның сара жолы» – біз кімбіз, қандай іс атқарып жатырмыз, неге сенеміз, болашаққа көзқарасымыз қандай деген бағытта өзімізді бағалау болып табылады. Бұл құжат біздің мақсатымызды, құндылықтарымызды, стратегиямыз бен бастамаларымызды көрсетеді. Біздің құндылықтарымыз үнемі жоғары өндірістік жетістіктерге қол жеткізуге мүмкіндік беретін мәдениет ретінде анықталады.

«ТШО-ның сара жолының» негізін «Стратегиялық мақсат» пен «Перспективалық мақсат» құрайды.

Мақсат:

ТШО-ның стратегиялық мақсаты –Қазақстан Республикасына, Атырау облысына және компания қызметкерлері мен серіктестерге анағұрлым мол пайда әкелу.

Алдағы міндет:

Мұнай және газ саласында әлемдегі ең қауіпсіз, тиімді және пайдалы кәсіпорын болу.

Құндылықтар:

Адалдық, сенім, өзгешеліктерге құрметпен қарау, тапқырлық, серіктестік, жоғары көрсеткіштер және адамдардың денсаулығын мен қоршаған ортаны қорғау.

Стратегиялық нұсқаулар:

- Қауіпсіздік техникасы және қоршаған ортаны қорғау саласының көшбасшысы болу;
- Біздің миссиямыз бен мақсатымызды жүзеге асыру үшін кадрларды дамытуға қаржы салу;
- Қазақстандағы ең беделді компания болу;
- Анағұрлым жоғары өндірістік көрсеткіштерге қол жеткізу

Өндірісті оңтайландыру

Өндірістің тиімділігі өндірістік қызметтегі жоғары стандарттарға негізделеді. Дүние жүзінде қуат көздерін өндіру мен тасымалдау индустриясын дамыту тұрғындардың, жекелеген аймақтардың, сондай-ақ, тұтас елдің тұрмыс деңгейі мен жағдайына тікелей оңды әсер етеді. «Теңізшевройл» ЖШС көмірсутекті өндіру және жеткізу барысында қоршаған ортаға зиян келтірмей, тұтынушыларға қауіпсіз жеткізу міндетіне үлкен жауапкершілікпен қарайды. ТШО өз қызметі барысында экологиялық қауіпсіздік пен өндіріс тазалығы деңгейін тұрақты түрде арттырып келеді. Айтарлықтай қаржы салымы, өндірісті жаңарту мен технологияларды жетілдіру, сондай-ақ, өндірісті оңтайландыру жөніндегі ұстанымымыз осыған дәлел.

ТШО өз қызметінің барлық саласында өндірісті оңтайландыруға ұмтылады. «ТШО-ның сара жолы» құжатында баяндалған стратегиялық нұсқаулар мен құндылықтар компанияның атқарар жұмысындағы көңіл-күйді анықтайды, ал өндірісті оңтайландыруды басқару жүйесі (ӨОБЖ) ТШО-ның әлемдік деңгейдегі стандарттарды қалай ұстанатынын көрсететін нұсқаулық болып табылады. ӨОБЖ қауіпсіздік техникасын, еңбекті, қызметкерлер денсаулығы мен қоршаған ортаны қорғау, сондай-ақ, өндірістің сенімділігі мен тиімділігін арттыру бойынша барлық процестерді жүйелі түрде басқару үшін жасалған стандартты тәсіл болып табылады.

ӨОБЖ ТШО-ға ҚТ, еңбекті қорғау, жұмысшылардың денсаулығын сақтау шараларын басқаруға, сондай-ақ, өндірістің сенімділігі мен тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді. Оң үлгіні басшылыққа ала отырып, ӨОБЖ компанияға өз қызметінде жоғары көрсеткіштерге қол жеткізуіне көмектесетін және қосымша құнды тұрақтылықты қамтамасыз ететін озық тәжірибе мен жоғары стандарттарды енгізуге ықпал ететін жүйені қамтиды. Жүйелі жұмыс тәртібі арқылы ТШО бүгін және болашақта адамдар мен қоршаған ортаны қорғау үшін әрбір жұмыс үрдісі мен тәртіптік стереотиптерге мақсат пен жоспарларды, өндірісті оңтайландыруды басқару жүйесі процедураларын тиімді енгізе алады. ТШО-ның қауіпсіздік техникасы жөніндегі рекордтық көрсеткіштерін, қоршаған ортаны қорғауды, өндіріс сенімділігі мен төтенше оқиғаларға даярлық деңгейін ұдайы жақсартудағы жұмысында өндірісті оңтайландыруды басқару жүйесінің рөлі зор.

ТШО қызметкерлерді жұмысты қауіпсіз жүргізу мен мінез-құлық дағдылары процесіне тарту арқылы қауіпсіз іс-қимылдың жалпы мәдениетін көтеру бағытында тұрақты жұмыс жүргізуде. Қауіпсіз іс-қимыл бағдарламасы мен жұмыстың қауіптілік деңгейіне талдау сияқты бастамалар сенімділік ахуалын қалыптастыруда тиімді құрал болып шықты, соның арқасында қызметкерлер әр жұмыс күнінің соңында үйге аман-сау жету үшін жұмысты жоспарлы және қауіпсіз жүргізу жөнінде өз ойларын ықыласпен бөліседі.



Кәсіпорынның өндірісті оңтайландыру стратегиясының бағыттары



1. Қызметкерлер мен активтер қауіпсіздігі

Іскерлік операцияларды табысты жүргізу үшін физикалық және ақпараттық қауіпсіз ортаны қамтамасыз ету.



2. Нысандарды жобалау және құрылыс жұмыстары

Нысандарды жобалау және құрылыс жұмыстары кезінде қауіпсіздікті, жарақат пен ауру-сырқаттардың болмауын, сондай-ақ, сенімділік пен тиімділікті және экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету.



3. Қауіпсіз өндіріс

Нысандарды пайдалану мен оларға қызмет көрсетуді жарақатты, кәсіби аурулар мен оқиғаларды болдырмайтындай ұйымдастыру.



4. Өзгерістерге бақылау жүргізу

Жазатайым оқиғаларды болдырмау мақсатында тұрақты және уақытша өзгерістерді басқару.



5. Сенімділік және тиімділік

Нысандарды және ұңғымаларды пайдалану мен оларға техникалық қызмет көрсетуді механикалық тұтастықты сақтауды қамтамасыз ететіндей және оқиғаны болдырмайтындай жүргізу.

Тиімділік

Өндірістің тиімділігін айтарлықтай арттыру және табиғи ресурстарды сақтау.



6. Үшінші тараптардың қызметі

Өндірісті оңтайландыру бойынша талаптардың сақталуын қамтамасыз ету жолымен мердігер ұйымдар қызметін ұдайы жақсартуды жүзеге асыру.



7. Экология мәселелерін басқару

Қоршаған ортаны қорғау бойынша көрсеткіштерді тұрақты түрде жақсартуға және өндірістік факторлардың қоршаған ортаға ықпалын төмендетуге ұмтылу.



8. Өнім сапасын басқару

Қауіпсіздік техникасын еңбекті және қоршаған ортаны қорғаумен, сондай-ақ, өнімді пайдаланудың барлық кезеңіндегі тұтастыққа байланысты ықтимал тәуекелдерді басқару.



9. Оқиға себептерін тексеру

Оқиғалардың жүйелі себептерін жою және олардың болашақта қайталануына жол бермес үшін тексеру жүргізіп, негізгі себептерді анықтау.



10. Жергілікті тұрғындармен және мүдделі тараптармен байланыс

Сенім атмосферасын туғызу үшін ашық диалогқа қатысу мақсатында жұртшылықпен және еңбек ұжымдарымен байланыс орнату.



11. Апатты жағдайларды басқару

Басты басымдық апаттық жағдайларды болдырмау, сондай-ақ ТШО қарауындағы апаттық ресурстарды пайдалана отырып, тез де тиімді қимылдауға даяр тұру. Компания өнімдері мен меншіктеріне, сондай-ақ басқа компаниялар бақылауындағы тасымалдау құралдарына, кіреге алынған кемелер мен нысандарға қатысты апатты жою жөніндегі іс-қимылдарды бақылауға даяр болу және қажет болған жағдайда апатты жоюға қатысты қажетті іс-қимылды пайдалану.



12. Нормативтік талаптарды сақтау

Компанияның тиісті саясатына және мемлекеттік заңдар мен ережелердің талаптарына сай, өндірісті оңтайландыру бойынша талаптарға сәйкестікті тексеру. Өндірісті оңтайландыру талаптарына қатысты қызметкерлерді оқыту.



13. Заң және бақылаушы органдармен жұмыс

Ұсынылатын заңдылықтар мен нормативтік актілерге байланысты жұмысты этикалық нормаларды сақтай отырып, конструктивті түрде жүргізу және туындаған мәселелерді талқылау.

Жұмыстың көрсеткіштері

Экономикалық тиімділік

1993 - 2016 жылдар аралығындағы ТШО-ның Қазақстан Республикасы экономикасына тікелей төлемдер түріндегі экономикалық тиімділігі 116 миллиард АҚШ долларын құрады. Бұған ТШО-ның қазақстандық тауар өндірушілер мен жабдықтаушылардың өнімдері мен қызметтеріне жұмсалған қаржысы, ұлттық кәсіпорындар пайдасына берілген тарифтер мен төлемдер, қазақстандық серіктеске бөлінген тиісті дивидендтер, мемлекет бюджетіне кен үшін төленген салық пен роялти, сондай-ақ, жергілікті қызметкерлердің еңбекақысы кіреді.

Қазақстан Республикасы экономикасына тікелей төлемдер


2015 ж. - **8,2 млрд** АҚШ доллары

2016 ж. - **4,7 млрд** АҚШ доллары

Өндіру мен өткізудің көлемі

- ТШО 2015 жылы 27,16 млн. тонна, ал 2016 жылы 27,56 млн. тонна шикі мұнай өндірді. ТШО 2015 жылы зауыт кешеніне жақын орналасқан арнайы дайындалған алаңда Теңіздің ашық сақтау орындарынан кәдімгі күкірттің соңғы партиясын жоспардан екі жыл ертерек жөнелтті.
- 2015 жылы ТШО сұйытылған газ сату көлемін 1,27 миллион тоннадан асырып, құрғақ газ сату көлемін 6,85 миллиард текше метрге, ал күкірт сату көлемін 2,7 миллион тоннаға жеткізді
- 2016 жылы ТШО сұйытылған газ сату көлемін 1,35 миллион тоннадан асырып, құрғақ газ сату көлемін 7,21 миллиард текше метрге, ал күкірт сату көлемін 2,33 миллион тоннаға жеткізді

Мұнай өндірісі (жылына млн. тонна)



Келешек кеңею жобасы

2016 жылы ТШО серіктестері Теңіз мұнай кен орнының өндірістік қуаттылығын арттырудың келесі кезеңі болып табылатын Келешек кеңею жобасы – Ұңғы ернеуіндегі қысымды басқару жобасын (ККЖ-ҰЕҚБЖ) қаржыландыру жөніндегі ақырғы шешімнің қабылданғаны туралы жариялады. Тиімділігін барынша арттырып, қаражатты үнемдеу мақсатында ККЖ-ҰЕҚБЖ нысандарының құрылысы бір уақытта орындалып жатыр. Өндірістік қуатты арттыру мақсатында табысты түрде жүзеге асырылған ТШО-ның алдыңғы ЕБЗ/ШГА жобасы тәжірибесін негізге ала отырып, ККЖ өндіріс қуатын жылына шамамен 12 млн тонна немесе тәулігіне 260 мың баррельге арттырып, осылайша, мұнай өндірісінің жылдық көлемін шамамен 39 млн тоннаға немесе тәулігіне 850 мың баррельге жеткізуде мақсат етеді.

ҰЕҚБЖ атқылайтын ұңғылардың ернеулік қысымын төмендетіп, қолданыстағы алты кешенді технологиялық желінің кіре берісіндегі қысымды арттыру арқылы Теңіз кен орнында жұмыс жасайтын зауыттардың толық қуатпен жұмыс істеуін қамтамасыз етеді.



Мақсат

өндіріс қуатын жылына шамамен
12 млн тонна немесе тәулігіне
260 мың баррельге арттырып,
осылайша, мұнай өндірісінің жылдық
көлемін шамамен **39 млн** тоннаға
немесе тәулігіне **850 мың**
баррельге жеткізу

20 000
жұмыс орны
ашылады



ККЖ-ҰЕҚБЖ жабдықтарының негізгі бөлігі Қазақстан, Оңтүстік Корея және Италияда өндіріледі және алдын ала модульдер құрастырылған соң соңғы құрастыру үшін Теңізге жеткізіледі.

2016 жылдың соңына қарай ККЖ-ҰЕҚБЖ жалпы инженерлік жобалау жұмыстарының 56%-н аяқтады. ККЖ-ҰЕҚБЖ тобы мердігерлермен жасалған 346 сатып алуға арналған келісімшарттың 90%-ы бойынша жұмыстарды аяқтап, осылайша, қазақстандық кәсіпорындар үшін өз тауарлары мен қызметтерін өткізуге қосымша мүмкіндіктер туғызды.

ККЖ-ҰЕҚБЖ-да құрылыс және өндіріс жұмыстарының қызған шағында шамамен 20 мың жұмыс орны ашылады деп күтілуде. ТШО қазақстандық жабдықтаушыларды ККЖ-ҰЕҚБЖ үшін жобалау, сатып алу, модульдерді дайындау қызметтеріне белсенді түрде жұмылдыруда. 2016 жылдың соңындағы ақпаратқа сәйкес 1730-дан астам қазақстандық компания алдын-ала іріктеуден өтті.



Теңізшевройл және қоршаған орта

Экологиялық мониторинг

ТШО өз қызметі аумағында ұдайы экологиялық мониторинг жүргізеді және ауа, су және топырақ мониторингінің нәтижелерін тиісті мемлекеттік органдарға хабарлап отырады.

Кешенді экологиялық мониторинг бағдарламасын лицензиялы мердігер ұйымдар іске асырады және деректерді ТШО-ның тиісті қызметтері талдаудан өткізеді.

Соңғы үлгідегі техникамен жарақталған экологиялық зертхана

Экологиялық бақылау бағдарламасы аясында алынған экологиялық деректердің сапасын қамтамасыз ету мақсатында сынама алу және талдауда қолдау көрсету үшін өндірістік базаның жөндеу-эксплуатациялық учаскесі ғимаратында жаңа зертхана пайдалануға берілді.

Зертхана бөлмелері жетілдіріліп, әлемдік стандарттарға сай зертханалық жабдық орнатылды. Осындай жоғары деңгейдегі зертхана ТШО-ға қоршаған ортаның ахуалы бойынша, атап айтқанда, атмосфералық ауа, жерасты суы және топырақ сапасы бойынша сенімді деректер жинауға мүмкіндік береді.

Атмосфералық ауа мониторингі

ТШО-да тұрақты жүргізілетін атмосфералық ауа мониторингінің мақсаты – экологиялық көрсеткіштерді жақсарту. Мониторинг ТШО-ға біздің экологиялық бағдарламаларымыздың тиімділігін бағалауға мүмкіндік береді және салдарды азайту, оның ішінде профилактикалық және жөндеу қызметі бойынша қажетті шаралар туралы хабар береді.

Санитарлық қорғау аймағы (СҚА) – зауыт айналасындағы аумақ. Оны тиісті мемлекеттік органдар анықтайды және ол таяу маңдағы елді мекендер мен зауыт арасында буфер қызметін атқарады. СҚА аумағы шекарасында шығарынды анықталған жоқ.

ТШО-ның өндірістік-экологиялық бақылау жөніндегі кешенді бағдарламасы таңдамалы бақылау бағдарламасын бағыттап, деректердің қайда сақталатынын анықтайды. Бұл бағдарлама барлық шығарындыларды нақты есепке алу үшін ауа бақылауының түрлі әдістерін қамтиды.

Алау асты мониторинг апта сайын жылжымалы бекеттермен орындалады. Ауа сынамасы зауыттың жел соғатын және жел астындағы жақтарынан зауыттан 0,5 шақырымнан 16 шақырымға дейінгі аралықта түрлі орындардан алынады.

СҚА шекарасындағы мониторинг тоқсанына бір рет бекітілген координаттары бар 11 бағдарлық бекетте жүргізіледі. Стационарлық бақылау бекеттері ТШО Жұмысшылар қалашығы мен Жаңа Қаратон ауылында орналасқан. ТШО-ның өндірістік қызметі ауа сапасына ықпал етпеуі үшін ТШО Жұмысшылар қалашығында сынама алу күнделікті тәулігіне 4 рет және Жаңа Қаратонда аптасына 1 рет орындалады.

Кен орнының аумағында және айналасында 12 автоматтандырылған қоршаған ортаны бақылау станциясы орналасқан. Станциялар ауа құрамында күкіртсутегі (H₂S), көміртегі қышқылы (CO), азот (NO₂), күкірт қостотығы (SO₂), шектік көмірсутегі қоспаларын анықтау үшін заманауи газ талдау жүйелерімен жарақталған. ТШО үшін сенімді деректер ұдайы қол жетімді болуы үшін әр станция тәулік бойы толық автоматтандырылған режимде істейді және барлығы электр қуаты ажыраған жағдайда қуаттауды үзбейтін көздермен қамтамасыз етілген. Ауа мониторингі үшін қолданылатын барлық жабдықты сертификатталған мердігерлер сертификатталған газ қоспаларының көмегімен уақытылы тексеруден және калибрлеуден өткізіп тұрады.

Стационарлық жабдық та Теңіз кен орнының өнеркәсіптік нысандарындағы шығарынды көздері болып табылады. Мысалы: өндірістік қондырғылар, қазандықтар және газтурбиналық станциялардың түтін мұржалары. Шығарынды мониторингі тікелей сынама алудың арнайы жарақталған орындарындағы ластану көздерінде жүргізіледі.

Газ ағыны жылдамдығын өлшеу «Пито түтігі» және қысым айырмасын өлшеу құрылғысының көмегімен орындалады. Аспаптар ҚР-да керекті сертификаттаудан өтеді, ал жұмыстарды оқытудан өткен және білікті мамандар орындайды. Мониторинг тұрақты бақылау және шығарындылардың бекітілген шектемесіне сәйкестікті қамтамасыз ету үшін жүргізіледі.

Жиналған деректер Қазақстан Республикасында (ҚР) қолданыстағы ауа сапа стандарттарымен салыстырылады. Шығарындылар мониторингі ТШО-ға деректерді талдап, артынан атмосфералық ауаны қорғау бойынша керекті шараларды



Биогаздар мониторингі

Теңіздегі ТШО Экоорталығының өнеркәсіптік қалдықтар және қатты тұрмыстық қалдықтар полигондарындағы биогаз мониторингі ҚР Экологиялық кодексіне сай жүргізіледі.

Газ мониторингі қалдықтар ыдыраған кезде пайда болатын газ мөлшері мен құрамын анықтау үшін қалдықтардың белгілі бір тереңдігінде; полигон бетінде және СҚА аумағында газдың үстіңгі қабатқа бақылаусыз шығарылуын анықтау үшін жүргізіледі.

Осылайша, орнатылған 21 газ бұру құбыры ТШО-ға полигонды қауіпсіз басқарып, қалдықтардың ыдырау деңгейін және олардың қоршаған ортаға ықпалын анықтауға мүмкіндік береді.

Газдың мұндай түріне мониторингті аккредитацияланған компаниядан тыс экологиялық зертхана бекітілген әдістемеге сай жүргізеді.

ТШО полигонында ауа сынамасын алу келесі орындарда жүргізіледі:

- әр полигонның жел жақ бетіндегі шығыс деңгейлерінде;
- полигондардағы әр газ бұру құбырында;
- әр газ бұру құбырының жел жақ бетінде құбырдан 1 метрден аспайтын қалдықтарды көму нүктесінде;
- СҚА аумағындағы ҚТҚ полигонында және өнеркәсіптік қалдықтар полигонында.



Жерасты суы мониторингі

Қазақстанның Каспий маңы аймағы жататын құрғақ климат шарттарында су ресурстарын ластанудан қорғау ерекше маңызды. Осыған байланысты аймақтың су ресурстарын ТШО қызметінен қорғау үшін ТШО серіктестіктің барлық аумағы бойынша жерасты суы бойынша мониторинг бағдарламасын жасақтады.

Қоршаған ортаның ахуалы туралы ақпарат алу және кәсіпорын қызметінің оған әсерінің деңгейін бағалау мақсатында ТШО жерасты суларына тұрақты және үздіксіз өндірістік мониторинг жүргізеді. Жерасты суларын бақылау жер беткейіндегі алғашқы екі сулы деңгейжиек бойынша жүргізіледі.

Аймақтың гидрогеологиялық шарттары салыстырмалы түрде жер беткейіне жақын сәйкесетін тұзды-күмбезді тектониканы, сондай-ақ, құрғақ климат, нашар табиғи кәрізделу және тұрақты түрде жүретін су ағындарының жоқтығын қамтиды, бұл ТШО серіктестігінің бүкіл аумағында жоғары минералданған жерасты суларының (ауыз су және шаруашылық мақсаттарда пайдалануға келмейтін, минералдану деңгейі 17-ден 286 г/л дейін тұздықтар) қалыптасуына әкеліп соқтырады.

Бақыланатын жерасты суларының химиялық құрамы хлорид-сульфат, натрий-магний және хлорид-натрий-магний, сондай-ақ ауыр металдардың жоғары шоғырлануынан тұрады.

Мониторинг бақылауларының фондық деректерін талдау көрсеткендей, кәсіпорын нысандарының жанындағы жерасты суларының ерітілген заттар, сульфаттар мен ауыр металдар құрамы шаруашылық-ауыз су және мәдени-тұрмыстық пайдалануға арналған сулар үшін бекітілген ЖШШ-дан жоғары. Бұл ингредиенттердің аймақтың жерасты суларындағы жоғары шоғырлануы ТШО қызметімен байланысты емес.

Жерасты суының сынамаларын алу және талдау Қазақстан Республикасының аумағында қолданылатын нормативті-әдістемелік

нұсқаулықтарға сәйкес және ТШО-ның өндірістік экологиялық бақылау бағдарламасына сай жүзеге асырылады.

Қазіргі таңда табиғи жағдайлар туралы ақпарат алу мақсатында Теңіз бен Королев кен орындарындағы өнеркәсіп нысандарына жақын орналасқан 122 ұңғымадан, сондай-ақ, өндірістік нысандардан қашықтағы фондық ұңғымалардан сынамалар алынуда.

Жоғары дәлдіктегі деректерді қамтамасыз ету үшін, сондай-ақ алу барысында тоғыспалы ластануды болдырмау және су желдетілуінің алдын алу үшін заманауи жабдықтар (атап айтқанда, бір реттік ауырлатылған сынама іріктегіштер, ұштықтар мен перистальтикалық сорғы) қолданылады.

Жерасты суларының деңгейін өлшеу үшін электрлі деңгей өлшеуіш қолданылады. Жерасты суларының деңгейін өлшеу үшін электрлі деңгей өлшеуіш қолданылады. Жерасты суларының ахуалына әлеуетті ластаушылардың ықпалына анализ ұдайы жүргізіліп отырады. Химиялық анализдер мен деңгейді өлшеудің барлық нәтижелері уақыт өте орын алған өзгерістерді тіркеу үшін ТШО деректер базасына тіркеліп енгізіледі.

Бақылаулар қажеттілігіне қарай жаңартылып отырылатын бақылау ұңғымаларының желісінің көмегімен жүзеге асырылады. Жарамсыз ұңғымаларды жою, ескі, істен шыққан ұңғымаларды жаңаларына алмастыру, сондай-ақ, зақымданған жағдайда оларды қалпына келтіру жүргізіледі.

Ағын су мониторингі

Өнеркәсіптік ағын сулармен қатар санитарлық ағын сулар мониторингі ТШО-ға алқаптар, булану тоғандары мен жерасты деңгей жиектеріне жіберілетін ағын сулардың сапасын бақылауға мүмкіндік береді (техникалық су айдау ұңғымаларында кәдеге жаратылады) және ҚР-да бекітілген экологиялық нормалардың қадағалануын қамтамасыз етеді.


Ағын суларды мониторингтеу булану алқаптары мен айдау ұңғымаларына ағызу нүктесінде жүргізіледі. Сынамаларды алу жиілігі мен оларды талдау бекітілген өндірістік экологиялық бақылау бағдарламасы мен талдамалы бақылау кестелеріне сай келеді. Булану алқаптарына ағын сулар ағызылмаған жағдайда ағын су сынамаларын алу жүргізілмейді.

Сілті қалдықтарының мониторингі

Қызметтің ықпалын барынша төмендету үшін жобалау және құрылыс барысында ҚР ҚНЖЕ 1.04-14-2003 «Өнеркәсіптік улы қалдықтарды зиянсыздандыру және көму полигондары. Жобалау бойынша негізгі ережелер» және ҚР ҚН 1.04-15-2002 «Қатты тұрмыстық қалдықтарға арналған полигондар» талаптары қолданылды.

ТШО полигондарында сүзілуге қарсы экрандар (су өтпейтін қорғаныш), дренаж жүйелері және қалдықтардың биохимиялық бұзылуы нәтижесінде түзілетін сілті қалдықтарын жинау ұйымдастырылған. Оларды қалдықтардың ыдырауы туралы және топырақ негізіне ықпал етуі мүмкін сілті қалдықтарының ықтимал түзілуі туралы деректерді беру мақсатында орнатады. Сілті қалдықтары дренаж жүйелерінен булану тоғандарында кәдеге жаратылады, олар да сүзілуге қарсы экрандармен жабдықталған.

ТШО-ның барлық үш полигонындағы сілті қалдықтарын мониторингтеу полигондарға іргелес аумақты, полигондардағы өнеркәсіп қалдықтары мен қатты тұрмыстық қалдықтарды көзбе-көз қарау, бақылау шахталарындағы сүзінді деңгейін бақылау және сүзіндінің химиялық құрамы туралы деректерді бағалауды қамтиды.





Радиациялық мониторинг

ТШО кәсіпорынның қызмет аймағындағы радиологиялық жағдайға мониторинг жүргізеді және хабарлап отырады. Радиологиялық жағдайды бақылау бағдарламасы эквивалентті гамма-сәулелену мөлшері секілді параметр бойынша жылына бір рет жүзеге асырылады.

2016 жылы өндіріс нысандарының аумағында радиациялық өлшем көрсеткіштері 0,09 мкЗв/сағ асқан жоқ. Өндіріс нысандарындағы тиімді гамма-сәулелену мөлшерінің ұйғарынды қуат деңгейі 2,5 мкЗв/сағ құрайды. Радиациялық өлшемдердің ең жоғары көрсеткіші 0,06 мкЗв/сағ деңгейінде тіркелді, бұл – ұйғарынды шектен әлдеқайда төмен.

Өнеркәсіптік бақылау бағдарламасы аясында ТШО жинаған экологиялық деректер тоқсан сайын бекітілген ҚР тәртібіне сәйкес құзіретті органға жіберіледі.

Атмосфералық ауаны қорғау

Атмосфералық ауаны ластанудан қорғау ластау ластаушы заттардың шоғырлануын арттыру немесе төмендету үдерістерін түсіну және мүмкіндігінше зиянды заттардың шығарындыларын жүйелі түрде азайту үшін есеп жүргізуді қамтиды. ТШО атмосфералық ауаны қорғау жөніндегі бірқатар шараларды жүзеге асыру және заманауи технологияларды қолдану арқылы Қазақстан Республикасының (ҚР) заңнамалық талаптарын мүлтіксіз қадағалайды.

ТШО мұнай өндіру көлемінің артқанына қарамастан, атмосфераға шығарындыларды азайтуда табысқа қол жеткізді. Мұнай өндіру көлемі 10,5 млн тоннадан 2016 жылы 27,6 млн тоннаға дейін артқанымен, 2000 жылдан 2016 жылға дейін шығарындылар көрсеткіші 8,3 кг/т-дан 2,41 кг/т-ға дейін төмендеді. Шикі мұнай өндірісі 162%-ға артқанына қарамастан, ТШО үлесті шығарындылардың жалпы көлемін азайтуда 71%-дық рекордтық көрсеткішке қол жеткізе алды.

Су ресурстарын қорғау және үнемді пайдалану

Өзінің операциялық қызметін жүргізу барысында ТШО қызметкерлердің техникалық және тұрмыстық қажеттіліктері үшін суды күн сайын пайдаланады. ТШО негіз қалаушы әлеуметтік, табиғи және экономикалық ресурс болып табылатын тұщы судың жоғары құндылығын түсінеді, осыған байланысты суды үнемді пайдалануға үлкен көңіл бөледі.

Аймақтың құрғақтығы салдарынан тұщы су Теңіз аумағында шектеулі ресурс болып табылады. ТШО үнемді су пайдалану тәжірибелерін тұрақты түрде қолданудың өндірістік және экологиялық көрсеткіштер бойынша мақсаттарға жету жолындағы қажетті шарт екендігін мойындады.

«Evergreen» технологиясы

«Evergreen» технологиясы ұңғыма тазалаудағы қалдық материалдарды басқаруда халықаралық жалпы қабылданған тәжірибе болып табылады. Технология 1997 жылы жасақталды, қазіргі таңда 40-тамастам елде, оның ішінде Ұлыбритания, Ресей Федерациясы, Норвегия, Дания, Гренландия мен Ирландияда пайдаланылуда.

200-ден астам «Evergreen» қондырғысы Теңіз кен орнына ұқсас шарттарда қолданылады. «Evergreen» жанарғысы қалдық өнімдерді толығымен жағып жібереді, бұл зиянды заттардың атмосфераға шығарындыларын барынша азайтады.

Жабдық Теңіздегі ұңғымаларды тазалауды сипаттайтын қалдық материалдармен жұмыс істеудегі қауіпсіз және экологиялық тұрғыдан ықпалды тәсіл болып табылады. ТШО «Evergreen» технологиясын Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен өндірістік мақсаттарға жету үшін қолданатын болады.

Топырақ мониторингі

Топырақтың жалпы және жергілікті ластануын бақылауды қамтамасыз ету үшін кәсіпорынның ықпал аймағында топырақ сынамаларын алуға арналған 58 нүкте бар. Топырақ жағдайын бақылау барысында желдің көмегімен аумақ тысында әлеуетті ластанудың ықтималдығын анықтау үшін сынама алқаптары «жел тармақтарының» векторы бойымен белгіленеді. Топырақ алу нүктелерінің орналасуы топырақ жамылғысының құрамы, топырақ жағдайы мен басқа да шарттарға қарай аз ғана өзгеруі мүмкін.

Топырақтың ластануын бақылау бағдарламасы келесі ингредиенттерді анықтауды қамтиды: pH, Cl, SO₄, CaCO₃, Ca, Mg, K+Na иондары, күкіртті сутек, жалпы көмірсутек мөлшері, Pb, Cu, Mo, Ba, Ni, Sr, As, Mn, V, Ti, Fe, Cr, Sn, көп ароматты көмірсутектер, қарапайым күкірт, сонымен қатар бактериологиялық және гельминтологиялық талдау үшін сынамалар алу. Топырақ сынамалары хатқалта әдісімен екі деңгейжиектен (0-5 және 5-20 см) қабатталып алынады және талдау үшін сырттан тартылған ұйымға жіберіледі. ТШО-ның өндіріс нысандары ауданындағы топырақ сапасын бағалау үшін алынған деректер ҚР нормативті көрсеткіштері және топырақтың фондық шоғырлануымен салыстырылады.

Қозғалмалы көздерден шығатын эмиссияларды бақылау

ТШО мен мердігер ұйымдар пайдаланатын барлық көлік құралдары міндетті түрде мамандандырылған автомобиль жөндеу бөлімшелерінде тұрақты техникалық қызмет көрсету мен техникалық бақылаудан өтеді. Бұл ретте ТШО автомобиль паркі үздіксіз жаңартылып отырылады және ақаусыз жағдайда сақталады.

Автомобильдерді міндетті техникалық бақылау аясында және қозғалтқыштардың негізгі тораптарын жөндегеннен кейін жаттыққан қызметкерлер жеңіл автокөліктер мен ауыр автотехникаға арналған бекеттердегі заманауи шағын түтін өлшеуіштердің көмегімен пайдаланылған газдарды өлшеп, бақылау жүргізеді. Тестілеу нәтижелері журналдарға тіркеліп, қажет көліктер мен ауыр автотехникаға арналған бекеттердегі заманауи шағын түтін өлшеуішарды атқару мақсатында талданады.

Сонымен қатар ТШО мен мердігер ұйымдардың барлық автокөлік құралдары қозғалысты бақылау құрылғыларымен жабдықталған, бұл қозғалыс барысында жылдамдық режимін қадағалауды қамтамасыз етеді және бір жерде 20 минуттан астам уақыт тұрған кезде қозғалтқышты өшіру қажеттілігі туралы белгі береді. Құрылғыларды қолдану жол-көлік оқиғаларын азайтуға, отын шығыны мен жөндеу жұмыстарына жұмсалатын шығындарды азайтуға мүмкіндік береді.

Осылайша кәсіпорында ауа ортасын ластайтын қозғалмалы көздерге арналған қолданыстағы экологиялық талаптарды қадағалау қамтамасыз етіледі.



Газды алауда жағу

ТШО алауларда жағуды азайту бойынша бірқатар ірі жобаларды, оның ішінде газ өңдеу қуаттылығын арттыру жобасы, экспорттық газ құбырының өткізу қабілетін жоғарылату және газды кәдеге жарату жобасын жүзеге асырды.

2000 жылдан бері ТШО алауларда газ жағуды 84%-ға азайтуға қол жеткізді. Сонымен қатар 2014–2016 жж. алауларда газ жағу көлемінің біраз артқаны байқалады. Бұл ТШО-ның жабдықтардың сенімділігін жақсарту жөніндегі ұмтылыстарына байланысты. ТШО ескірген жабдықтарды алмастыру және сенімділікті арттыру үшін ауқымды күрделі жөндеуді жыл сайын табысты жүргізіп келеді; жабдықтарды алмастыру көбінесе қауіпсіздік мақсатында алауларда газ жағуды талап етеді. Өндіріс көлемін тиісті деңгейде сақтау мақсатында ТШО істен шыққан жабдықтарды қауіпсіз жолмен жөндеуге немесе істен шығуы мүмкін жабдықтарды алдын-ала алмастыруға мүмкіндік болуы үшін мезгілімен алауларда газ жағып тұруы қажет. Мұндай тәсіл ТШО-ға Қазақстан Республикасы талап ететін өндіріс көлемін сақтай отырып, әлемдік деңгейдегі сенімділікке қол жеткізуге мүмкіндік береді. ТШО өндірісті тиімді басқаруды жалғастырады және газды рұқсат болған жағдайда ғана немесе жағу қызметкерлер мен зауыт қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін қажет болғанда ғана жағады.

ТШО ілеспе газ жағуды азайту үшін қосымша мүмкіндіктер іздестіруді жалғастырады. Жабдықтардың сенімділігі мен инновациялық технологияларға жұмсалатын алдағы инвестициялар біздің ұмтылыстарымыздың маңызды құрамдас бөліктері болмақ.

ТШО-ның өндіріс нысандарында су тұтыну және су тарту

Теңіз кен орнының аймағында тұщы жерүсті және жерасты суларының жеке ресурстары болмағандықтан, Атырау облысының көптеген су тұтынушылары секілді ТШО-ның өндіріс нысандарын сумен жабдықтау «Астрахань-Маңғышлақ» су таратқышы арқылы Еділ өзені сағаларының бірі – Қиғаш өзенінің сол жағалауында орналасқан су тоғанынан жүргізіледі.

Атырау қаласында орналасқан ТШО нысандары (ТШО кеңсесі, Достық қалашығы, транзиттік қонақ үй) ауыз су және жасыл көшеттерді суару үшін техникалық сумен қалалық су құбыры желілерінен қамтамасыз етіледі. Теңізде шаруашылық-ауыз су мұқтаждықтарын қанағаттандыру үшін тұтынушыларға берілетін су су тазалау құрылғыларында (СТҚ) бастапқы тазалаудан өтеді. Су тазалау құрылғыларының жұмысы автоматты режимде жүргізіледі, бұл тазаланған судың жоғары сапасын қамтамасыз етеді.

Тазартылған су Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 16 наурыздағы № 209 бұйрығымен бекітілген «Су көздеріне, шаруашылық-ауыз су мақсаты үшін су жинау орындарына, шаруашылық-ауыз сумен жабдықтауға және суды мәдени-тұрмыстық пайдалану орындарына және су нысандарының қауіпсіздігіне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптарына» сай келеді.

Нормативтік талаптарға сәйкес ТШО нысандарында жұмыс бағдарламасына сай ауыз су сапасына өндірістік бақылау жүргізіледі.

2016 жылы Суды қайта пайдалану қондырғысы іске қосылды. Бұл – тұщы су ресурстарын сақтауды және ағын суларды өңдеуді басқаруды көздейтін ірі капиталдық жобалардың бірі; ол қоршаған ортаны қорғау жөніндегі ұзақ мерзімді кешенді бағдарламаның маңызды компоненті болып табылады.

ТШО-ның Суды қайта пайдалану қондырғысында ағын сулардан кері осмос қондырғысының көмегімен сапалы техникалық су өндіріледі. Қондырғы құрылымына сәйкес ТШО-ның өндірістік қажеттіліктеріне тәулігіне 3600 текше метрге дейін айналымдағы су өндірілуі мүмкін.



Суды қайта пайдалану қондырғысынан келетін қайтарма су айналымдағы судың жылдық көлемін 30%-дан астам деңгейге дейін арттырады және ТШО-ның Келешек кеңею жобасының құрылысына қолдау көрсету мақсатында қосымша техникалық сумен қамтамасыз етеді деп күтілуде.

Өндірілген бір тонна мұнайға шаққандағы тұщы су тұтыну көлемі 2006 жылғы 0,36 текше метрден 2016 жылы 0,13 текше метрге дейін төмендеді. Сонымен қатар ТШО-да Су ресурстарын басқару жоспарын (СРБЖ) әзірлеу жұмыстары жүргізілуде, осының арқасында Еділ өзенінен келетін тұщы суды тұтынуды азайту мақсатында техникалық мүмкіншіліктердің жолдары анықталатын болады.

Жоспар суды үнемді пайдалану шараларының орындылығы мен экономикалық тиімділігін, қайта пайдалану технологияларын, сонымен қатар сумен жабдықтаудың балама ресурстарын әзірлеуді қарастырады және оны жүзеге асыру жөнінде ТШО-ға немесе сырттан тартылатын сумен жабдықтаушыларға ұсыныс жасайды.

Ағын суды тазалау және ағызу

Бүкіл ағын су ағызылмастан бұрын ТШО-да бастапқы тазалаудан өтеді. Тазалау құрылғыларында өнеркәсіптік ағын су мен жауын ағыны механикалық тазалаудан өтеді, ал тұрмыстық санитарлық тораптардан ағызылатын ағындар ағызылмай немесе қайтадан пайдаланылмай тұрып, химиялық, механикалық және биологиялық тазалаудан өтеді.

Нысандардан ағын сулар булану алқаптарына және қоршаған ортаға шығарындылар бойынша ТШО алған рұқсат негізінде жерасты деңгейжиектеріне ағызылады.

Рұқсат бақылаушы орган жинақтауыштар мен жерасты деңгейжиектеріне жол берілетін шекті төгінділер нормативтерінің жобасына сараптама жүргізгеннен кейін беріледі.

2013 жылы Теңізде жаңа Кәріздік тазалау қондырғылары (КТҚ) табысты түрде іске қосылды. Жаңа КТҚ-лар Өнеркәсіп базасы, ТШО қалашығы, Жұмысшылар қалашығы және ішінара Шаңырақ қалашығының жалпы қосылатын кәріз жүйелерімен келетін ағын суларды тәулігіне 6000 текше метрге дейін тазалау үшін құрылды.

КТҚ – ТШО-ның стратегиялық бағдарларының бірі болып табылатын үздік өндірістік көрсеткіштерге қол жеткізудегі компания ұмтылысын байқататын жобалардың бірі. КТҚ-ны пайдалану ағын суларды Өнеркәсіп базасы мен ТШО қалашығындағы булану алқаптарына ағызуды тоқтатуға мүмкіндік берді және СҚПҚ-ға негізгі су жеткізілуін қамтамасыз етті.

КТҚ-дан келетін тазартылған ағын су мөлшерінің артуы СҚПҚ-ны жеткілікті дәрежеде қамтамасыз ететін болады және өндіріс қажеттіліктеріне арналған жақсы сапалы суды өндіруге септігін тигізеді.

Қазіргі таңда ағын суларды тазалау инфрақұрылымын, ағын су жүйелерінің сенімділігі мен пайдалануды жетілдіруге бағытталған бірқатар басқа да жобалар атқарылды немесе соңғы кезеңдері жүзеге асырылуда. Мұндай жобаларға өндірістік ағын сулар жүйесін жетілдіру жобасы, ЕБЗ-ның өндірістік ағын сулар жүйесін жетілдіру жобасы, ЕБЗ ашық дренаж жүйесі және су айдау жүйесін жетілдіру жобасы жатады, бұл жобалар өндіріске оң ықпал етеді және өнеркәсіптік ағын суларды тазалау қондырғыларының сенімділігін арттырады.



Жер ресурстарын қорғау

Пайдалы қазбаларды өндіру, геологиялық барлау, іздестіру, құрылыс және басқа да жұмыстарды орындау барысында топырақ жамылғысының бұзылуы, техногенді жер бедерінің қалыптасуы және жер жағдайының басқа да сапалық өзгерістері орын алады.

ТШО бұзылған немесе ластанған аумақтарды анықтау және оларды кейіннен қалпына келтіру мақсатында ТШО қызметінің аймағында техногенді бұзылған жерлерге жыл сайын мониторинг жүргізеді. Ластанған жерлердің жағдайына бағалау жұмыстары жүргізіледі, қалпына келтіру жобалары әзірленеді, анықталған және қалпына келтірілген жер телімдері бойынша деректер АркГИС деректер базасы мен картографиялық материалдарында көрсетіледі. Жердің жағдайы туралы мәліметтер жыл сайын мемлекеттік жер орналастыру органдарына жеткізіледі.


Осы тектес бұзылған жерлерді қалпына келтіру қоқыстарды жинау және шығару, шұңқырлар мен қоймаларды көму арқылы табиғи ландшафтыны қалпына келтіру, еңіс жерлер мен жер бедерінің кедір-бұдырларын тегістеу, сондай-ақ, табиғи өсімдіктердің өсіп-өнуі үшін жағдай қалыптастыруды қамтиды.

Бұрыннан ластанған жерлерді қалпына келтіру күрделі техникалық міндет және анағұрлым көп ресурсты қажет ететін жұмыс болып табылады. Осыған байланысты 2009 жылы ТШО ластанған жерлерді қалпына келтіруді бағалау және жобалау әдістерін жаңартуға, сондай-ақ осы саладағы білім мен тәжірибені жергілікті компанияларға беруге бағытталған жаңа жоба туралы бастама көтерді. Қалпына келтіру жобаларын жергілікті компаниялар орындайды, бұл ТШО-да қызметтер саласындағы қазақстандық қамту деңгейін де жоғарылатады. Қалпына келтірудің техникалық кезеңі жүргізілгеннен кейін қалпына келтірілген жер телімдерінде бірнеше жыл ішінде жергілікті құрғақшылық пен тұздылыққа төзімді өсімдіктер табиғи жолмен өсіп шығады.

ТШО жоспарлы түрде жүргізетін бұзылған жерлерді қалпына келтіру жұмыстары компанияның қоршаған ортаны сақтау және қорғауға қатысты стратегиясының бір бөлігі болып табылады. Бұл жұмыстар компанияның корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік қағидаларына берілгендігін және қоршаған ортаны қорғау саласында көшбасшы болуға деген ұмтылысын айғақтайды.

Жер құнарлылығын қалпына келтіру

2016 жылдың соңындағы жағдай бойынша ТШО техногенді бұзылған 1 320 га жерді қалпына келтіру жұмыстарын атқарды, бұл қалпына келтірілуі тиіс жерлердің 97%-ын құрайды, олардың басым бөлігі – жер бедері бұзылған жерлер. Атап айтқанда, карьерлердің ауданы – 1 154 га, күресіндер – 49 га, үйінділер – 32 га, қоймалар – 35 га, т.б.







Қазақстан экономикасына үлес

1993 жылдан 2016 жылға дейінгі аралықта ТШО-ның Қазақстан Республикасына тікелей төлемдері қазақстандық қызметкерлерге төленген еңбек ақыны, отандық тауар өндірушілер мен қамтушылар өнімдері мен қызметтеріне, мемлекеттік кәсіпорындарға төлемдер мен қазақстандық серіктеске төленген дивидендтерді, сондай-ақ, мемлекеттік бюджетке аударылған салықтар мен роялтиді қосқанда 116 млрд. АҚШ долларын құрады. 2016 жылы Қазақстан Республикасына тікелей төлем көлемі 4,7 млрд. АҚШ долларынан асты.

ТШО жыл сайын тауарлар мен қызметтердегі қазақстандық үлесті арттырып келеді. Егер 2002 жылы кәсіпорын отандық өндірушілерден 415 млн АҚШ долларына тауарлар мен қызметтер сатып алған болса, 2015 жылы бұл көрсеткіш 2,4 млрд АҚШ долларына жетіп, 2016 жылы 1,9 млрд. А)Ш долларынан асты. 1993 жылдан 2016 жылға дейін ТШО қазақстандық тауарлар мен қызметтерді сатып алу үшін 22 млрд АҚШ долларынан астам қаражат жұмсады.

**1993 жылдан
2016 жылға дейін**



**ТШО қазақстандық тауарлар
мен қызметтерді сатып
алу үшін 22 млрд АҚШ
долларынан астам қаражат
жұмсады.**

ТШО-ның қазақстандық қамтуды дамыту жөніндегі стратегиясы

ТШО-ның қазақстандық қамтуды дамыту стратегиясының басты аспектісі мұнай-газ индустриясымен ынтымақтастық үшін өздері жауап беруге тиіс халықаралық сапа мен стандарттарды түсіну мақсатында қазіргі және ықтимал жабдықтаушылармен жұмыс жасау болып табылады. Жоғары халықаралық стандарттарға жауап беретін қазақстандық тауарлар және қызметтер нарығын ұдайы дамыту компанияның үздіксіз даму стратегиясының іргетасы болып табылады және Қазақстан үшін маңызды құндылықтарды туғызады.

ТШО компанияның қазақстандық қамту бойынша міндеттерін орындау үшін, тауарлар және қызметтер жабдықтаушыларына ұзақ мерзімді мүмкіндіктер туғызуға тиіс. Сол себепті, ТШО инфрақұрылымға, қазақстандық кадрларды оқыту және жұмыс орындарын ашуға қажетті инвестицияны тарту арқылы қазақстандық жабдықтаушыларды тұрақты дамытуды қолдауын жалғастыра бермек.

«Теңізшевройл» ЖШС-мен ынтымақтастық

ТШО-мен табысты ынтымақтастық құру

ТШО-ның материалдық-техникалық қамту бөлімі компанияны сапа және тұтастық қағидаларына ұдайы сай келетін және бәсекеге қабілетті бағалары бар тауарлармен және қызметтермен сенімді түрде қамтамасыз ету үшін компанияның жабдықтау көздерін стратегиялық басқаруды жүзеге асырады.

ТШО қауіпсіздік мәдениеті тұрақты, жұмысы сенімді, сапалы тауарлары мен қызметтері бар, бағалары бәсекеге қабілетті, шығындарды басқару дағдысы дамыған, инновациялық бизнес-шешімдері бар, әрі тапсырыс берушіге және қазақстандық қамтуды дамытуға тұрақты бейімделген жабдықтаушылармен ынтымақтастыққа ұмтылады.

ТШО үшін іскерлік нәтижеге қол жеткізу ғана емес, сондай-ақ, «ТШО-ның сара жолы» қағидаларына сәйкес жүзеге асуы да маңызды. Біз өз жабдықтаушыларымыздан осындай талап пен құндылықтарды ұдайы ұстанады деп күтеміз.

Жабдықтаушыларға қойылатын талаптар

ТШО-ға сапалы тауарлар мен қызметтер ұсынатын жабдықтаушылар төмендегідей талаптарға сай болуы керек:


- Қауіпсіздік техникасы және қоршаған ортаны қорғау бойынша жоғары көрсеткіштер;
- Халықаралық деңгейде мойындалған сапа стандарттары мен басқару жүйелері;
- Қазақстандық қамтуды дамыту мен тұрақты өсіруге бейімділік;
- Баға бойынша бәсекеге қабілеттілік;
- Қаржылық тұрақтылық;
- Тапсырыс берушіге бейімделу;
- Инновациялық бизнес-шешімдер.

Жабдықтаушының қызығушылығын білдіруі (SEOI)

ТШО-мен жұмыс жасауға қызығушылық танытқан жабдықтаушы өз қызығушылығын (SEOI) www.tengizchevroil.com сыртқы сайтындағы SEOI веб бағдарламасы арқылы SEOI веб нысанын жіберуге тиіс. SEOI веб бағдарламасының арқасында ТШО мен жабдықтаушылар бір платформада байланысу мүмкіндігіне ие болып, төмендегідей артықшылықтарды иеленеді:

- SEOI веб нысанын жіберу арқылы жабдықтаушылар ТШО-мен жұмыс жасауға ниетті екендіктерін білдіре алады;
- Жабдықтаушыларға ТШО SEOI веб платформасында ашылған өз SEOI профайлдарын жаңартуларына және басқаруларына мүмкіндіктер туады;
- Тауар мен қызметтердің әлеуетті жабдықтаушыларын анықтау мақсатында ТШО өкілдері кез-келген жерге баруы мүмкін.

Ескерту: Келешегі мол жабдықтаушыларды анықтау үшін ТШО «Алаш» (www.alash.kz) атты мұнай-газ өнеркәсібінің дерекқорын да қолданады.



«Теңізшевройл» ЖШС-нің қазақстандық қамту саласындағы жетістіктері

ТШО қазақстандық қамтуды үздіксіз арттыруды мақсат санайды және қазақстандық қамту бойынша міндеттердің орындалуын қамтамасыз ету үшін төмендегідей қадамдарға барады:

- Жергілікті жабдықтаушыларды анықтау, дамыту және пайдалану;
- Жергілікті тауарлар және қызметтермен қамту көздерін жоспарлау және дамыту мақсатында ірі стратегиялық жабдықтаушыларды басқару;
- Халықаралық және жергілікті компаниялар арасында біріккен кәсіпорындар құруға ықпал ету.

Осындай шаралар арқасында өткен жылы төмендегі салалар бойынша жаңа, мықты қазақстандық компанияларды дамытуға қол жеткізілді:

- Құрылыс материалдары;
- Электр жабдықтары және кабельдер;
- Ақпараттық технологиялар және телекоммуникация үшін жабдықтар мен кабельдер;
- Өндіріс химикаттары;
- Кеңсе жабдықтары;
- Логистика;
- Клапандарды жөндеу және қызмет көрсету.

Аймақтармен жұмыс

ТШО-ның ҚР аймақтарымен ТШО талаптарына сай жергілікті өнім шығарушылар нарығының мүмкіндіктерін зерттеу жөніндегі келісімі бар. Қазіргі уақытта 40-тан астам компания ТШО-ның өндірістік қажеттіліктеріне сай бағалануда және төмендегі аймақтарда қазақстандық қамтуды арттыру әлеуеті бар:

ТШО жабдықтаушылардың әлеуеті мен нарық мүмкіндіктерін зерттеу мақсатында аймақтарға сапарын бұрынғыша жалғастырады.



Жергілікті компаниялар әлеуетін нығайту үшін Еуропа қайту құру және даму банкімен ынтымақтастық

Қазақстанда шағын және орта бизнес субъектілерін дамытып, оларды табысты кәсіпорындарға айналдыру мақсатында 2015 жылдың қазан айында ТШО Еуропа қайта құру және даму банкімен (ЕҚҚДБ) ынтымақтастық құру жөнінде міндеттемені мойнына алды.

ТШО қолданыстағы Шағын және орта бизнесті қолдау бағдарламасының алғашқы екі жылдық мерзіміне (2015–2017 жж.) қосалқы қаражат бөлді. Бұл бағдарлама ШОБ субъектілеріне жергілікті және шетелдік кеңесшілердің шығындарды бөлу шарттары туралы кеңесін беру арқылы жобаларға қолдау көрсетуге мүмкіндік береді.

ТШО жабдықтаушылары қандай да бір ТШО-мен тікелей байланыссыз сарапшылармен бірге бағдарламаға қосылады. ТШО қолдауымен ЕҚҚДБ бизнес-клиника, семинар және халықаралық шараларға кемінде 50 жергілікті сарапшыны қабылдауды және 12 ШОБ субъектілері үшін бизнес-консультация беру жобаларының шығындарын бөлуді мақсат етіп отыр. Кәсіпорындардың мүмкіндіктері мен қабілеттерін арттыру Қазақстандағы ШОБ субъектілерінің бәсекеге

қабілеттілігін дамытуға мүмкіндік беріп, олардың ТШО жабдықтаушылары қатарына ену мүмкіндігін арттырады.

Бағдарлама басталғалы бері ЕҚҚДБ қызметкерлері консультативтік жобаларды дамыту, іске асыру және аяқтау бойынша қыруар жұмыс атқарды. Есептік кезең соңындағы ахуал бойынша жобалардың жартысы ілгерілеуге қол жеткізіп, 6 жоба жергілікті консультанттар тарапынан басталса, халықаралық кеңесшілер қатысатын 1 жоба тұжырымдама дайындау кезеңінде.

ШОБ инфрақұрылымын жақсарту және мақсатты топтың бағдарламаның басталғаны жөнінде хабардар болуын арттыру, ШОБ субъектілерінің қаржыға қолжеткізу, шығындарды үнемдеу, сапа басқару және қауіпсіздік тәріздес негізгі қажеттіліктерін өтеуге бағытталған түрлі консалтинг қызметтерімен танысулары, бағдарлама мен оның донорының жұртшылыққа танымалдығын арттыру мақсатында нарықты дамыту шаралары атқарылды.







Ірі жабдықтаушылармен серіктестік негізінде қазақстандық қамтуды дамытуды ынталандыру

Қазақстандық қамтуды дамыту үшін айтарлықтай әлеует ТШО-ның ірі мердігерлері мен жабдықтаушыларымен байланысты. Аталмыш компаниялар ТШО-ның көптеген құндылықтарының бірі болып табылатын қазақстандық қамтуды дамыту қағидасын қолдайтындықтарынан, ТШО олармен ұзақ мерзімді стратегиялық қатынастар орнатады.

Осы мақсатта жабдықтаушы мен ТШО бірлесе отырып, қазақстандық қамтуды дамыту үшін инвестициялау, жұмысқа алу, оқыту және сатып алу мәселелерін қамтитын қазақстандық қамтуды дамыту бойынша жоспар әзірлейді. Соңында ТШО аталған мақсаттарға қол жеткізу және қажет болған жағдайда түзету шараларын енгізу үшін келісімшарттың толық мерзімі ішінде мердігердің қызметіне мониторинг жүргізеді.

Жергіліктендіру

ТШО біріккен кәсіпорындардың құрылуын қолдау мақсатында халықаралық жабдықтаушылармен және жергілікті компаниялармен жұмыс жүргізіп келеді. Қазіргі уақытта кәсіпорынның күш- жігері төмендегі салаларға бағыттталып отыр:

-  **Техникалық қамту бойынша қызметтер;**
-  **Құрылыс материалдар өндірісі;**
-  **Химикаттар;**
-  **Фитингтер мен ернемектер өндірісі;**
-  **Сорғыларға техникалық қызмет көрсету;**
-  **Бекіткіш бөлшектер өндірісі.**



Қызметкерлерді шыңдау және басшылық ету

«Теңізшевройл» ЖШС стратегияларының бірі – нәтижеге лайықты жолмен қол жеткізу үшін жоғары білікті қызметкерлерді жетілдіру және қолдау мақсатында адам ресурстарына инвестициялау.

ТШО ұжымында түрлі жастағы, мамандығы, тәжірибесі мен мүдделері әр алуан адамдар еңбек етеді. Қызметкерлер мен жұмыс ортасының әралуандығына қарамастан, компания қызметкерлердің әлеуметтік қорғалуын ұжымдағы еңбек және өндірістік қатынастарды реттеу; жалпы марапаттаудың тиімді жүйесін құру; қызметкерлердің мүмкіндіктері пен әлеуетін тиімді пайдалануды қамтамасыз ету; оқыту және шыңдау, кадрлық әлеуетті жоспарлау; әлеуметтік бағдарламалардың кеңейтілген пакеті, жеңілдіктер мен қызметкерлердің корпоративтік қатыстылығын, корпоративтік мәдениетті, қызметкерлердің компания құндылықтары мен стратегияларын ұстануларын қолдауға бағытталған бастамалар арқылы қамтамасыз етеді.

Қызметкерлерге басшылық етудің маңызды элементі – қызметкерлердің компания алдындағы мақсаттары мен тапсырмалары және әр қызметкердің ортақ мақсатқа қол жеткізу маңыздылығы туралы хабардар болуы.

ТШО мақсаттары мен тапсырмалары туралы ақпараттандыру келесідей жолдармен орындалады:

- Компанияның ішкі сайтындағы ақпарат;
- ТШО басшылығының еңбек ұжымымен тұрақты кездесіп тұруы;
- Қызметкердің жұмысына жетекшілік ету процесі аясында бірізбен тапсыру;
- ТШО-ның құрылымдық бөлімшелеріндегі іскерлік серіктестердің мердігер мекемелердегі жағдайды еңбек қатынастары тобының бақылауы.

Қызметкерлермен кері байланыс келесі жолдармен орындалады:

- ТШО басшылығының қызметкерлер өкілдерімен тұрақты кездесіп тұруы;
- Жеке еңбек дауларын шешу жөніндегі келісімдік комиссия;
- ТШО мен мердігер мекемелер қызметкерлердің шағымдары мен ұсыныстарына арналған «жедел желі» каналы (анонимдік хабарлар қарастырылады).

ТШО-ның қызметкерлер алдындағы әлеуметтік жауапкершілігі 1996 жылдан бері күшіне енген ұжымдық шартта рәсімделген.

Ұжымдық шарт әр үш жыл сайын жаңартылады және өзгертіледі. Соңғы жаңартулар 2017 жылдың 1 қаңтарында енгізілді. Ұжымдық шарттың тараптары бастапқы кәсіподақ ұйымы, ТШО жұмысшыларының өкілдері және компания басшылығы болып табылады. Ұжымдық шарт қызметкерлер мен компанияның құқықтары мен міндеттерін айқындайды.

Сонымен бірге шарт кең ауқымдағы мәселелерді талқылау мүмкіндігін ұсынады, осылайша қызметкерлердің пікірі қаперге алынады.


ТШО бірнеше мәрте бизнестің әлеуметтік жауапкершілігі бойынша «Парыз» сыйлығының түрлі номинацияларының марапатына ие болды:
2008 – Күміс жүлде «Үздік әлеуметтік жоба»
2009 – Алтын жүлде «Үздік ұжымдық келісім-шарт»
2011 – Бас жүлде «Бизнестің әлеуметтік жауапкершілігі».

Бұдан бөлек ТШО мердігер мекемелердің Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасы талаптарын орындауы үшін олармен тығыз қарым-қатынаста жұмыс істейді. Сол себептен, мердігер мекемелермен жасалынатын келісімшарттар ТШО-ның еңбек қатынастары саласындағы талаптарын реттейтін қосымшамен толықтырылды (тұрғын-жай, тамақтану және санитарлық-гигиеналық жағдайлар).


2015 жылы осы талаптар Келешек кеңею жобасы бойынша жасалынатын келісімшарттарға қосылды;

2016 жылдан бастап жоспарлы түрде негізгі өндіріс келісімшарттарына енгізілуде.


ТШО кадрларындағы қазақстандық үлес



Жалпы қызметкерлер



Орта және жоғары буын басшылары



Стратегиялық жоспарлау және қызметкерлерді жұмысқа қабылдау

ТШО-да қызметкерлерге басшылық ету процесінің негізі таяу және орта мерзімдік перспективада кадрларды стратегиялық жоспарлау болып табылады. Бұл процесте кадрлардағы қазақстандық қамтуға баса назар аударылады.

ТШО-ның жұмысқа қабылдау процесі алдыңғы қатарды технологияларға сай және ашық әрі транспарентті түрде өтеді. Компанияның сыртқы сайтында ТШО вакансиялары туралы ақпарат жарияланады. Бұл барлық әлеуеттік үміткерлерге бірдей қолжетімділік береді. Компанияның қажеттіліктеріне қарай ТШО-ның назарында тек тәжірибелі мамандардан бөлек, жоғарғы оқу орындарының талантты түлектері де бар.

ТШО вакансияларына үміткер іріктеу бірнеше кезеңмен өтеді, оған емтихан және кросс-функционалдық командамен сұхбат жүргізу кіреді.

Қызметкерлерді шыңдау

ТШО-да қызметкерлерді оқыту және жетілдіру бойынша түрлі бағдарламалар жүзеге асырылады. Жұмысқа алынған қызметкерлер міндетті түрде жұмысшылардың корпоративтік мәдениет пен компания ортасына үздік жолмен бейімделуіне бағытталған негізгі процестермен және процедуралармен танысады.

ТШО мен мердігер мекемелердің барлық қызметкерлері жұмысқа жіберілмес бұрын қауіпсіздік техникасы бойынша оқытудан өтеді.


Оқыту заңды бекітілген түрлерден бөлек арнайы дайындалған корпоративтік тренингтер мен ықтимал қауіп-қатердің алдын алу мен оларды азайтуға бағытталған шаралар жүйесін қамтиды. 2015-2016 жылдарда қауіпсіздік техникасы бойынша 80 мың адам түрлі оқыту курстарынан өтті.

ТШО-ның оқу жүйесі көшбасшылықты дамыту бағдарламасын, тәлімгерлік бағдарламасын, халықаралық тағайындау бағдарламасын, техникалық және профильдік пәндер бойынша ішкі арнайы бағдарламаларды және кросс-функционалдық тағайындауларды қамтиды.

Сондай-ақ, компанияның қажетті машықтар бойынша бүгінгі және ертеңгі қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін ізбасарлықты жоспарлау және әлеуеті жоғары қызметкерлерді жетілдіру мәселелеріне үлкен назар аударылады.

ТШО ұйымдық құрылымның барлық деңгейіндегі қызметкерлердің көшбасшылық біліктіліктерін біртіндеп дамытуды қамтамасыз ететін көшбасшылықты жетілдіру бағдарламасын белсенді іске асырады.

Қауіпсіздік техникасы мен сенімділік, зауыттарда жоғары технологиялық жабдықты пайдалану нормаларының талаптарына сай компанияда жұмысшылар үшін техникалық және профильдік пәндер бойынша төрт арнайы бағдарлама орындалады. Бағдарламалар теориялық және практикалық кластерлерден тұрады және қолданыстағы өндірістік процестермен және өндіріс қауіпсіздігін қамтамасыз ету жүйесінің талаптарымен терең танысуды қарастырады.



Техникалық ЖОО-лардың ТШО-ға жұмысқа қабылданған түлектерін тез арада жетілдіру Chevron корпорациясы дайындаған Horizons бағдарламасы арқылы орындалады. Аталған бағдарламаның тиімділігі сол, ол керекті техникалық пәндер бойынша міндетті аудиторлық оқудан бөлек ресми тәлімгерлік және кросс-функционалдық тағайындауларды қамтиды. Осылайша, бағдарлама қатысушыларының жұмыс ортасында теориялық және практикалық білімін тереңдету мүмкіндігі бар.

2015 жылдан 2016 жылды қоса алғандағы аралықта компанияның қызметкерлер үшін оқу бағдарламасы бойынша 10 млн. АҚШ долларынан астам қаражат жұмсады. 19 қызметкер компания есебінен компания қызметкерлері үшін білім алуға көмек көрсету бағдарламасы аясында жоғары және ЖОО-дан кейінгі білім (бакалавр немесе магистр дәрежесі) алды.



2016 жылы жаңа білім мен жетілдірілген машықтарға ие болу және оларды қайтып келгесін ТШО-да қолдану мақсатында халықаралық тағайындаулар бағдарламасы бойынша 50 астам ТШО қызметкері уақытша шетелдік тағайындаудан, Қазақстан ішіндегі тағайындаудан өту үшін «Шеврон» корпорациясының түрлі бөлімшелерінде еңбек ету мүмкіндігіне ие болды.

Бұдан бөлек, әуестері әртүрлі қызметкерлерді бейресми қауымдастықтарға біріктіру бастамалары динамикалық түрде жүзеге асырылады.

Айталық, «XYZ» немесе «Әйелдер қауымдастығы». Олар көшбасшылық қабілет көрсетіп, компания ішінде бейресми қарым-қатынас құруға мүмкіндік береді. «XYZ» қауымдастығы лауазымдық сатының басында не ортасындағы кәсіпқойлар тобын біріктіреді.

Қауымдастықтың мақсаты бар әлеуетті дамыту үшін кәсіби топтар арасында өзара тиімді байланыс орнату және нығайту болып табылады. Ал «Әйелдер қауымдастығы» көшбасшылықты жетілдіру және арнайы топтар ішінде мүдделер бойынша іскерлік қарым-қатынас үшін алаң құру идеясына негізделген.

Бұл қауымдастықтың мақсаты – компания бизнес-қажеттіліктеріне қолжеткізу үшін қауымдастық мүшелерінің белсенді қатысулары және жетілулері.

Компанияда қызметкерлердің ұйымдық мүмкіндіктерін дамытуды қолдау үшін таланттарды басқару процесі қолданылады. Процестің басты мақсаты әлеуеті жоғары қызметкерлерді, болашақ көшбасшыларды анықтау, бақылау және жетілдіру және жұмысшылар машықтарының деңгейіне қатысты компания қазіргі және алдағы уақыттағы қажеттіліктерін қанағаттандыру болып табылады.

Тәжірибелі буынның жастарға білгендерін үйретулеріне үлкен назар аударылады; бұл өз кезегінде ізбасарлық, ұлттандыру тәріздес процестерді қолдайды.

Қызметкерлерді жетілдіру процесін қолдау үшін Кадрларды дамыту жөніндегі түрлі деңгейлердегі комитеттер бар. Олар ТШО бизнесіне керекті уақытта керекті жерде сәйкес бизнес-білімі бар адам капиталына кепілдік беретін бағдарламалар мен процестермен қамтамасыз етеді.

Осылайша 2015 жылы қазақстандық штат қызметкерлерінің үлесі 86% құрады, салыстырар болсақ, 1993 жылы ол 50% деңгейінде болған еді. Ал орта буындағы қазақстандық басшылар үлесі жалпы басшылық құрамның 74% құрады.

2016 жылы ТШО қазақстандық штат қызметкерлерінің үлесі 85,7% құрады. Ал орта буындағы қазақстандық басшылар үлесі жалпы басшылық құрамның 74% құрады.

2016 жылдың соңы бойынша 143 қазақстандық маман шетелдік жұмысшыларды алмастырып, менеджер, орта буын басшылығы және басты инженерлік-техникалық лауазымдарға тағайындалды.



Қызметкерлерді ынталандыру

Еңбекақы жүйесі бірлік, объективтілік, жалақы бәсекелестігі принциптеріне негізделген және жеке еңбек өнімділігін арттыруға ықпал етеді (қызмет нәтижелері бойынша ақы төлеу). Жылдық еңбекақы бағдарламасы Қазақстан Республикасы еңбек нарығы мен мұнай-газ саласы, компанияның қаржы-экономикалық жағдайы және инфляция деңгейі бойынша талдау нәтижелерін қаперге ала отырып, қайта қарастырылады.

ТШО-ның еңбекақы бойынша барлық қағидалары мен процедуралары ұжымдық шарт ережелері мен Қазақстан Республикасы еңбек заңнамасының талаптарына сай дайындалған.

ТШО өз қызметкерлерін бәсекеге қабілетті еңбекақымен қамтамасыз етеді. Бұл білікті мамандарды іске тартуға, оларды ұстап қалуға және ынталандыруға мүмкіндік береді. Материалдық құраушы негізі еңбекақы мен ақы төлеудің ауыспалы бөлігіне сүйенеді. Базалық жалақы мөлшері атқарылатын міндеттерге, шешілетін тапсырмалардың күрделілігіне, жауапкершілік деңгейіне тәуелді және әр қызметкер үшін білімі мен практикалық еңбек өтіліне қарай анықталады. Ақы

төлеудің ауыспалы бөлігі қысқа мерзімдік және ұзақ мерзімдік сыйақы төлемдерінен (жыл қорытындысы, қауіпсіздік техникасы, еңбекті бағалау, ТШО басшылығының қарауы бойынша сыйақылар) тұрады. Қызметкерлерге сыйақы беру жүйесі ортақ мақсаттарға қол жеткізуге бағытталған, қызметкер мен компания қызметінің негізгі көрсеткіштеріне өзара байланысты және қызметкерлердің ортақ жұмыс тиімділігін арттыруға қосымша мүдделілігін тудырады.

Бұдан бөлек, компанияда өз қызметкерлері үшін бірқатар қосымша жеңілдіктер мен төлемдер қарастырылған. Мәселен, медициналық бөлім кеңесі бойынша төленетін / жартылай төленетін әлеуметтік демалысын беру, жылдық еңбек демалысын беру кезінде денсаулық сауықтыру сыйақысын төлеу.

Соңғысының мөлшері ТШО-дағы еңбек өтіліне және т.б. қарай бекітіледі.

ТШО-да қызметкерлер үшін кең ауқымды әлеуметтік пакет бар. Төменде компанияның ең танымал әлеуметтік бағдарламаларының қысқаша сипаттамасы берілген.

Медициналық сақтандыру / Салауатты өмір салты мен спорт бағдарламасы

Компанияда қызметкерлердің денсаулығы мен олардың отбасы мүшелерінің денсаулығына қамқорлық көрсетуді көздейтін бағдарламалар бар.

ТШО қызметкерлері мен олардың отбасыларын медициналық сақтандыру Қазақстан Республикасы сақтандыру компаниялары арқылы қамтамасыз етіледі. 2015 жылы сақтандырылғандардың жалпы саны 8761 адамды құраса, 2016 жылы – 9212 адам болды. ТШО компания қызметкерлері мен олардың отбасы мүшелері үшін стандарттық қызметтер пакетін өтейді. Қызметкер сақтандырудың басқа категорияларын таңдай алады. Ол жағдайда ТШО пакеттік жалпы құнының 50-70% мөлшерін жабады.

Жыл ішінде Теңіз және Атырау қызметкерлері үшін көптеген бұқаралық спорттық шаралар мен сайыстар өткізіледі: 2015-2016 жылдары ТШО мен басқа мұнай-газ компаниялары арасында

16 спорттық турнир ұйымдастырылды. Осы турнирлерге 2500-ден астам адам қатысты.

Салауатты өмір салтын насихаттау мақсатында ТШО-ның барлық қызметкерлері дене шынықтыру-сауықтыру орталықтарының қызметтерін пайдалану мүмкіндігіне ие. Олардың ақысын компания өтейді. Теңізде вахталық әдіспен істейтін қызметкерлер үшін жабдықталған тренажерлік залдар, бассейн және спорт алаңдары қолжетімді.

Сондай-ақ, ТШО қызметкерлердің балалар демалысына жұмсаған шығындарын жылына бір балаға 60 минималдық есептік көрсеткіш мөлшеріне дейін қайтарады. 2015-2016 жылдары осы бағдарлама бойынша төленген сома 565 мың АҚШ долларын құрады.

Тұрғын үй несиесі бағдарламасы

ТШО-да көптеген жылдар бойына тұрғын үй алу және үй-пәтер жағдайларын жақсарту үшін пайызсыз несие беру арқылы тұрғын үй несиесі бағдарламасы іске асырылып келеді.

2010 жылдан бері жалпы сомасы 104 млн. АҚШ доллары мөлшерінде 1400-ден астам тұрғын үй несиесі берілді.

Компания қызметкерлерінің осы бағдарламаны пайдалану мүмкіндігі бар әрі олар ипотеканың дәстүрлі жоғары пайыздарын төлемейді.

Бұл бағдарлама компания қызметкерлері үшін ең тартымдыларының бірі болып табылады.



ТШО компания қызметкерлері мен олардың отбасы мүшелері үшін стандарттық қызметтер пакетін өтейді. Қызметкер сақтандырудың басқа категорияларын таңдай алады. Ол жағдайда ТШО пакеттік жалпы құнының 50-70% мөлшерін жабады.

Сақтандырылғандардың жалпы саны

2015 ж.



8761 адам

2016 ж.



9212 адам

Медициналық қызмет көрсету

Вахталық әдіспен істейтін қызметкерлердің Теңізде орналасқан және заманауи медициналық техникамен жабдықталған клиниканың қызметін пайдалану мүмкіндігі бар.

Теңіздегі ТШО клиникасында жұмысшылар жылдық медициналық тексеруден өтеді, сондай-ақ, қажет жағдайда, медициналық қызметтердің басқа түрлерін, соның ішінде жедел жәрдем қызметін пайдалана алады.

ТШО-да құпиялылық принципі сақтала отырып ақысыз негізде компания қызметкерлері мен олардың отбасы мүшелеріне психологиялық көмек көрсету бағдарламасы табысты жұмыс істеуде.



ТШО қызметкерлерінің балаларына арналған «Мирас-Атырау» балабақшасы

2014 жылдың 1 маусымында компанияның Атырау қаласында тұратын қызметкерлерінің балалары үшін ТШО қаражатына салынған 350 орындық «Мирас-Атырау» балабақшасы ашылды.

2015 жылы қызметкерлердің балаларын балабақшада оқыту шығынын өтеу бойынша жалпы сома 1,4 млн. АҚШ долларын құрады, ал 2016 жылы - 1,5 млн. АҚШ долларын құрады. Балабақшаның оқу жоспары «Нұрсұлтан Назарбаев Білім Қоры» қоғамдық қорының ең жаңа бағдарламалары мен әдістемелері бойынша дайындалған.

Бұл бағдарламаның ерекшелігі сол, тәрбие мен білім беру тілі – қазақ тілі, бірақ, сонымен бірге, балалар үшін мектепке орыс және қазақ тілдерінде дайындалу, IBYP (International Baccalaureate Primary Years Program) стандарттары бойынша ағылшын тілін қосымша оқу мүмкіндігі қарастырылған.



«Жас Ұрпақ» бағдарламасы

Жоғары білім алу бойынша ТШО-ның көмек көрсету бағдарламасы жыл сайын 100-ден астам грант ұсынады. Бағдарлама компания қызметкерлерінің балаларына және Қазақстан Республикасының азаматы болып табылатын ұлттық және шетелдік университеттердің және колледждердің талантты түлектері және студенттері арасынан үміткерлерге қаржылай көмек көрсетуге бағытталған.

1998 жылдан бері ТШО жоғары білім алуға қаржылай көмек ретінде 5,7 млн. АҚШ долларын бөлді. Бағдарлама бойынша 2015–2016 оқу жылында жалпы төлем сомасы (199 студент) 560 мың АҚШ долларын құрады.

«Еңбек сіңірген жылдары үшін марапаттау» бағдарламасы

Қызметкердің компаниядағы еңбек өтілінде мерейтойлық кезеңге жетуі жұмыс берушіге көпжылдық еңбекті бағалап, қызметкердің компания табысына үздіксіз үлесі үшін алғыс айтуға мүмкіндік береді. Жыл сайын «Еңбек сіңірген жылдары үшін марапаттау» бағдарламасы аясында компаниядағы еңбек өтілінде мерейтойлық кезеңге жеткен қызметкерге (5 жыл және одан жоғары) сыйлық пен ТШО эмблемасы бар төсбелгі беріледі. 2015 жылы ТШО-ның 439 қызметкері осы бағдарламаға қатысса, 2016 жылы олардың саны 464 адамға дейін артты.

ТШО зейнеткерлері

«ТШО зейнеткері» мәртебесі тұрақты қызметкер ретінде компаниядағы еңбек мерзімінде зейнеткерлік жасына жеткен тұлғаларға беріледі. 2015 жылы «ТШО зейнеткері» мәртебесінде компанияның бұрынғы 80 қызметкері болса, 2016 жылы олардың саны 91 адамға жетті. 2015–2016 жылдарды ТШО зейнеткерлеріне жылдық жеке материалдық көмек 120 минималдық есептік көрсеткішті құрады.

2017 жылдың қаңтар айынан бастап ТШО зейнеткерлеріне берілетін жылдық жеке материалдық көмек 300 минималдық есептік көрсеткішке дейін өсірілді.

Мердігер ұйымдар

ТШО өз мердігерлерінің Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексінің талаптарын сақтауды қамтамасыз етуін және оларға ұжымдық шарттар жасасудың маңыздылығын түсіндіру мақсатын көздеп, олармен тығыз іскерлік қарым-қатынас орнатқан.

Компания мердігер ұйымдар басшыларының Еңбек Кодексін бұлжытпай орындауын талап етеді және осы мақсатпен жүйелі тексерулер жүргізеді. Сондай-ақ, ТШО мердігерлерден қызметкерлерді шыңдаудың жеке жоспары мен кадрлар даярлау стратегиясының болғанын, сонымен бірге, жергілікті қамтушылардың тауарлары мен қызметтерін барынша молынан пайдаланғандарын қалайды. Мердігер ұйымдарға қойылатын басты талап – қауіпсіздік техникасы жөніндегі табиғат қорғау заңдылықтары мен регламенттерінің барлық талаптарының сөзсіз орындалуы болып табылады.

2014 жылы ТШО басшылығы мердігер ұйымдармен 48 жиналыс өткізді. Жиналыста қауіпсіздік техникасына баса назар аударылып, ТШО нысандарындағы өндірістік қарым-қатынас мәселелеріне бақылау жүргізілді.






Жергілікті қауымдастыққа инвестициялар

1993 жылдан бастап ТШО өз қызметкерлері мен жергілікті тұрғындардың игілігі үшін Атырау облысының әртүрлі әлеуметтік жобаларына 1,3 миллиард АҚШ долларынан астам қаржы жұмсады

«Игілік» бағдарламасына ТШО-ның қаржы салымдарының артуы (АҚШ доллары)



«Игілік» ерікті әлеуметтік инфрақұрылым бағдарламасы

Әу баста, 1993 жылы ТШО инвестиция көлемі 50 млн АҚШ долларын құраған 5 жылдық «Атырау бонус қоры» бағдарламасын жүзеге асыруды қолға алды, бағдарлама Теңіз Жобасы жөніндегі шарттың бір бөлігі бола отырып, Атырау қаласы мен Жылыой ауданының инфрақұрылымын жақсартуға бағытталды. Атырау облысының әкімдігімен бірге тығыз жұмыс істей отырып, қала мен Жылыой ауданының денсаулық сақтау мекемелері мен инфрақұрылым нысандарын жақсартуға бағытталған маңыздылығы жағынан басым әлеуметтік жобалар іріктелді. Барлық жоба 1998 жылы сәтті аяқталды.

Сол жылы ТШО басшылығы «Игілік» ерікті әлеуметтік-инфрақұрылымдық бағдарламасы туралы бастама жасап, ол ТШО серіктестері тарапынан бекітілді.

Жоба 1999 жылдан бастап жүзеге асырыла бастады. «Игілік» бағдарламасының аясында қала келбетін өзгерткен және адамдардың өмірін сапа жағынан жақсартқан көптеген жобалар жүзеге асырылды. Бұлар – заманауи мектептер мен балабақшалар, Құлсары қаласындағы колледж, Атырау қаласындағы сүзгі станциясы, ауылдардағы емханалар мен жанұялық-дәрігерлік амбулаториялар, қаланы газдандыруға ат салысу және Атырау қаласының оң жағалауын жылумен қамтамасыз ету мақсатында фин қазандығын салу,

дене шынықтыру және сауықтыру кешенін салу, Құлсары қаласының сумен жабдықтау жүйесін қайта жаңғырту сияқты адамдардың өмірі үшін маңызды көптеген әлеуметтік жобалар.

«Игілік» бағдарламасының құрамына ену үшін жоба келесі талаптарға сай болуы тиіс:

- Көрнекі және қалың жұртшылыққа пайда әкеледі;
- Тұрақты, яғни нысан іске қосылғаннан кейін әрі қарай ТШО-ның кейінгі қолдауынсыз басқа заңды тұлға теңгеріміне өтеді;
- Компанияның жалпы бизнес стратегиясына сай келеді.

Сонымен қатар, ТШО елді мекендердегі әлеуметтік инфрақұрылымның ағымдағы жағдайы туралы мейлінше толық ақпарат алу мақсатында 3 жыл сайын халық қажеттіліктеріне тәуелсіз бағалау жүргізеді.

Осы бағалау барысында сарапшылар халықтың түрлі топтарымен кездесіп, шешім талап ететін және ТШО тарапынан қолдауды қажет ететін ағымдағы мәселелер туралы жан-жақты қанығады.

Мұқият қарастырған соң, ұсынылған нысан бағдарлама талаптарына сай келген жағдайда, Атырау облысы әкімдігінің келісімімен оны әлеуетті жобалар тізіміне қосады.

Әлеуметтік инвестициялар бағдарламасы

Жылдық бюджеті 1 миллион АҚШ долларынан асатын әлеуметтік инвестициялар бағдарламасы – ТШО-ның аймақтың әлеуметтік саласын дамытуға арнаған тағы бір бастамасы.

ТШО-да әлеуметтік инвестиция жөнінде кәсіпорын бөлімдерінің өкілдерінен тұратын ішкі Кеңес құрылған. Қаржыны бағдарлама баптарына сәйкес бөлу Кеңес құзыретінде.

Кеңес сонымен бірге қаржыны бұрынғы жай қайырымдылықтан гөрі өңір үшін де, ТШО үшін де бірінші кезектегі маңызы зор, әлеуметтік-экономикалық міндеттерді шешуді қолдайтын

мақсатты бағдарламаның қағидасы мен стратегиясын жасақтады.

Сөйтіп, ТШО тек компания қызметінің негізгі бағытымен үндес, тұрғындардың да, өз өндірісінің де қажетіне жарайтын нақты жобаларды жүзеге асырудың жолын табуда.

Мұндай тәсіл әлеуметтік инвестицияның тиімділігін бизнес жобаларды дәрежелу әдістемесі бойынша бағалаудың қажеттілігін туындатты.

ТШО-ның әлеуметтік инвестициялар бағдарламасының стратегиясы

Компания жергілікті халықтың қажеттіліктеріне зерттеу жүргізген болатын. Аталған зерттеу нәтижелерін талдау барысында ТШО-ның әлеуметтік инвестициялар жөніндегі Кеңесі кәсіпорынның өз өндірісі мен бизнесінің мақсаттарын жергілікті халықтың мәселелерін шешуге, олардың тұрмыс жағдайын жақсартуға ықпал ететін компанияның әлеуметтік-экономикалық көзқарасымен ұштасқан стратегиялық бағытты дайындады. Нәтижесінде жергілікті қауымдастықты қаржыландырудың мынадай бастапқы принциптері мен қызметтің негізгі бағыттары белгіленді.

Әлеуметтік инвестиция бөлу принциптері:

- Бизнесінің әдебі мен әлеуметтік жауапкершілігін сақтай отырып, бизнес пен жергілікті қауымдастықты қолдау;
- Адами, әлеуметтік және ұйымдық әлеуетті дамыту және жергілікті экономика мен тұрғындардың тұрмыс жағдайының ТШО-ның қолдауынсыз тұрақты дамуын қамтамасыз ету.

Серіктестік принципі

ТШО бүгінгі таңда серіктестік принциптеріне негізделген жергілікті қауымдастықты қаржыландырудың үлгісін ұстануда. Қоғамдық-жекеменшік серіктестік міндеттерді, ортақ жауапкершілікті және көздеген түпкі мақсатты қалыптастыруды бөлісіп атқару арқылы бизнесті, жергілікті ұйымдарды, үкіметті, үкіметтік емес қоғамдық ұйымдарды (ҮЕҰ) және дамыту жөніндегі агенттіктерді біріктіреді.

Мұндай серіктестіктің мүшелері жұмыстарын бірге жоспарлап, ортақ қорларын бірлесе қолданып, қауіп-қатерді бірге бөлісіп және жеткен жетістіктерін де бірге мақтан тұта алады.

Серіктестік қоғамдық игілікті және мемлекеттік емес бірлестіктердің әлеуетін арттыруға ықпал етеді. Дегенмен, ең бастысы – қоғамдық-жекеменшіктік серіктестік инвестициясы аймақтағы әлеуметтік-экономикалық жағдайға тұтастай оң ықпалын тигізе алатын, мәселелерді дәйектілікпен шешетін зор мүмкіндіктерге ие.

Әлеуметтік инвестициялар бағдарламасының негізгі бағыттары:

- Қоғамның игілігі мен ТШО-ның пайдасы үшін азаматтар мен ұйымдардың әлеуетін көтеру;
- Оқыту, машықтандыру және аймақтың әлеуметтік-экономикалық дамуына қолдау көрсету;
- Салауатты өмір салтын насихаттау және тұрғындардың тұрмыс жағдайын жақсартуға атсалысу;
- Экологиялық сауаттылық және қоршаған ортаны қорғауға бағытталған бастамаларды қолдау.

ТШО өз қызметін жүзеге асырып жатқан аумақ тұрғындарына алдағы уақытта да көмек көрсететін болады. Осы бір аз-кем өзгертулер серіктестік принципінің маңызын көрсетіп, бизнестің өзге салаларын жүргізуде қолданатын осы талаптарды жергілікті қауымдастықты қаржыландыруды жоспарлауға, орындауға және оның нәтижелерін бағалауға пайдалана отырып, қаржыландырудың басты бағыттарын нақтырақ айқындауды көздейді.





Бөлінген қаржының тиімділігін бағалау

ТШО-да қабылданған әлеуметтік инвестициялар бөлудің жаңа мониторингі, бағалау және есебін беру жүйесі компанияның мүддесі мен мақсаттарын сақтай отырып, пайдаланушы тарапқа, яғни жәрдем алушыға жұмсалған қаржының толық қайтарымын қамтамасыз етуге негізделген. Мониторингтің мақсаты – жобаның қаншалықты ойдағыдай жүріп жатқанын және серіктестің шамасын анықтау мақсатында белгілі бір уақытта жобаның нақты көрсеткіштері бойынша мәлімет және қажетті мағлұматтарды жүйелі жинақтау.

Жұмысты бағалау белгілі уақыттың ішіндегі серіктестің жұмысын, нақты жобаның нәтижесін, бөлінген қаржының тиімділігі мен жұмсалған күш-жігердің деңгейін анықтау үшін объективті және жүйелі түрде бақылау жүргізуді қарастырады. Осыған орай белгілі бір мерзім аралығында орындаушыдан жобаны немесе бағдарламаны жүзеге асыру барысындағы жұмыстың объективтік көрсеткіштерін, жұмыстың аяқталу дәрежесін, проблемаларды, жетістіктерді және жасалған тұжырымдар мен алынған тағылымдарды қамтитын есеп алу қарастырылған.



Әлеуметтік инвестициялар жобалары

ТШО жыл сайын үкіметтік емес ұйымдармен байланысып, олардың орындалып жатқан бағдарламалар жөніндегі ұсыныстарын беруді сұрайды. Соның нәтижесінде ТШО жаңа үкіметтік емес ұйымдармен байланыс орнатты.

Жеңімпаз атанған бағдаламалардың барлығы да көңіл аударарлықтай және өзіндік ерекшеліктерге ие, сондай-ақ, жергілікті тұрғындардың денсаулығын жақсарту, білім беру саласын қолдау және қоршаған ортаны қорғау жөніндегі ТШО-ның бүкіл стратегиялық мақсаттарына толықтай сай болды.

Оларға тән ортақ ерекшелік – бағдарламалардың барлығы да Атырау облысы тұрғындарының мүдделеріне негізделген.

2015-2016 жылдары келесі жобалар жүзеге асырылды:

«Менің кәсіби таңдауым» жобасы

«Қазақстанның тәуелсіз ұрпағы» (ҚТҰ) ЖҚҰ

Жоба мақсаты:

Оқушыларға оқыту бағдары мен болашақ кәсіби қызмет саласын таңдау барысында кәсіптік бағдарлық қолдау көрсету арқылы олардың өзін-өзі кәсіби айқындау мәдениетін қалыптастыру.

Жоба:

Жоба үш бағыттан тұрды: балаларды оқыту, білім беру мекемелерінде мамандармен ынтымақтастық және ата-аналармен өзара әрекеттесу. Әлеуметтік жағынан әлсіз топтардағы жасөспірімдер: Атырау қаласы мен Жылыой ауданындағы 15-18 жас аралығындағы балалар көзделген аудитория болып табылды. Жоба 2015-2016 жылдары жүзеге асырылды.





«Ағылшын тілі мұғалімдерінің біліктілігін дамыту бойынша бастама» жобасы

Британдық Кеңес (БК)

2015 ж. жобаның мақсаты:

Келешектегі кеңейтілген оқыту және ауылдық жерлердегі ұстаздарға методикалық көмек көрсету үшін Атырау облысы Жылыой ауданындағы ең белсенді және білікті ағылшын тілі мұғалімдері арасынан өз методист жаттықтырушылық әлеуетін қалыптастыру

2016 ж. жобаның мақсаты:

Атырау қаласындағы ағылшын тілі пәні және ағылшын тілінде оқытылатын басқа да пәндердің мұғалімдері арасында ағылшын тілі деңгейін және оқыту сапасын жоғарылатуды көздеген бағдарламаны жүзеге асыру.

«Ақпараттық технологиялар ғасырының қоғамы» жобасы

Айрекс халықаралық зерттеу мен алмасу кеңесі (IREX) /
«Жаңа ақпараттық серпін» (ЖАС) ҰЕҰ

Серіктестік пен одан кейінгі жергілікті үкіметтік емес ұйымды құру тәжірибесін ТШО IREX халықаралық алмасулар жөніндегі кеңеспен бірлесіп жүзеге асырды. IREX осының алдында 2010-2015 жылдар арасында ТШО-ның серіктесі болып, жобаны кейін жергілікті «Жаңа ақпараттық серпін» үкіметтік емес ұйымына тапсырды. Аталмыш жобаның мақсаты – Атырау қаласы мен Жылыой ауданы халқын ақпараттық коммуникация технологияларымен таныстыру. Жоба қатысушылары –

мұғалімдер, балабақша тәрбиешілері, жұмыссыздар, балалар үйлері мен интернаттар тәрбиеленушілері, аналар үйінің жалғыз басты аналары, үкіметтік емес және медициналық ұйымдардың қызметкерлері.

Бұл жоба ТШО-ның басты мақсаты, яғни, әлеуметтік инвестициялар бағдарламасын жүзеге асырудан бөлек жергілікті үкіметтік емес ұйымдардың құрылуы мен дамуына септігін қосып жатқандығының жарқын мысалы болып табылады.





«Өрлеу» жобасы

Орталық Азияның Еуразия Қоры (ОАЕК)

Жоба мақсаты:

Көп пәтерлі тұрғын үйлер мен қоғамдық демалыс орындарының мәселелерін шешуде жергілікті халықтың белсенді қатысуына ықпал ету және көп пәтерлі тұрғын үйлерді басқару жүйесін қалыптастыруда мүмкіндіктерді іздестіру және көмек көрсету.

Жоба:

Жоба екі бағытта жүзеге асырылды: біріншісі – жастардың және тұрғындардың экологиялық сана-сезімін тәрбиелеу және оларды саябақтар күтіміне тарту, екіншісі – үйлерінің жағдайын жақсарту үшін тұрғындарды белсенділікке тарту.

Жоба 2015 жылы жүзеге асырылды.

«Атырау қаласы мен Жылыой ауданында әлеуметтік кәсіпкерлікті дамыту бойынша «Жарқыра» бағдарламасы» жобасы

Орталық Азияның Еуразия қоры (ОАЕК)

Жобаның мақсаты:

Атырау қаласы мен Жылыой ауданы қауымдастығының әлеуметтік, экономикалық және экологиялық мәселелері бойынша тұрақты кәсіпкерлік шешімдерді қамтамасыз етуге бағытталған инновациялық әлеуметтік бастамаларға көмектесу.

Жоба:

«Жарқыра» бағдарламасының бірегейлігі оның Атырау облысындағы әлеуметтік кәсіпкерлікті дамытуға демеу көрсететіндігінде және Қазақстанда тұңғыш рет жүзеге асырылуында.

Жоба 2016 жылы жүзеге асырылды.





«Атырау облысы тұрғындары арасында қан қысымының артуын қысқарту және бақылау мүмкіндіктерін кеңейту» жобасы

Қазақстанның отбасылық дәрігерлер ассоциациясы (ҚОДА)

Жобаның мақсаты:

Жүрек-қан тамырлары ауруларын бастапқы бақылау деңгейінде анықтау; емдеуді жақсарту және науқастардың өздерін күту мүмкіншіліктерін арттыру арқылы жүрек ұстамасы мен инсульттарының алдын алу.

Жоба:

Осы мақсаттарға және іс-әрекет жоспарына сәйкес 2015-2016 жылдардағы есептік кезеңде ҚОДА үш деңгейлі әдіске негізделіп бірқатар шараларды жүзеге асырды: медициналық қызметкерлерді оқыту, кең бұқара халықты хабардар ету және науқастармен жұмыс.

«Ынтымақ» қауымдастықты дамыту бағдарламасы» жобасы

«PYXERA GLOBAL» YEҰ

Жобаның мақсаты:

Тұрақты экономикалық гүлдену мақсатында жергілікті қауымдастықтың әлеуметтік капиталын жоғарылату арқылы Атырау және Құлсары қалаларының жергілікті қауымдастығының қажеттіліктерін еріктілердің көмегімен шешу.

Бағдарлама:

Бағдарлама екі бағытта жүзеге асырылуда: білім беру жобалары және еріктілер марафондары.

Жобаны жүзеге асыру кезеңі: 2015-2016 жж.





«Қазақша сайра!» жобасы

3. Қабдолов атындағы жеке қор

Жоба мақсаты:

Қазақ тілін үйренудің электрондық нысандарын жасау және оларды әлеуметтік желілерде орналастыру арқылы Атырау облысы халқы арасында мемлекеттік тілді дамыту және насихаттау.

Жобаны жүзеге асыру кезеңі: 2015 ж.

2015-2016 жылдары жүзеге асырылған әлеуметтік жобалар туралы толық ақпаратты ТШО-ның веб-сайтынан алуға болады:

<http://www.tengizchevroil.com/ru/corporate-responsibility/community/community-investment-program>



Ұсыныстар мен пікірлеріңізді келесі мекенжайға
жіберулеріңізді өтінеміз:

Қазақстан Республикасы, 060011, Атырау қаласы,
Сәтбаев көшесі 3. «Теңізшевройл» ЖШС бас кеңсесі.

Тел: +7 7122 271974

Электрондық пошта: tsofr@tengizchevroil.com





ТШО Үкіметпен және
жұртшылықпен байланыс бөлімі
2017 ж.

www.tengizchevroil.kz